БЕЙСЕНБІ
№28 (4568)
13.03.2025
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Фин тарапының бастамасымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Финляндия Республикасының Президенті Александр Стубб телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылап, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға қос тараптың да бейіл екенін растады.

Екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін беру үшін Финляндия Президенті биыл қазан айында Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ алдағы кезеңге жоспарланған жоғары деңгейдегі келіссөздердің мазмұнын байытудың маңызына назар аударылды. Оның қорытындысы қазақ-фин серіктестігінің жаңа кезеңіне жол ашады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб бірқатар өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Тараптар орнықты дамуды қамтамасыз ету, жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ілгерілету мақсатында көпжақты ұйымдар аясындағы күш-жігерді үйлестірудің маңызын атап өтті.

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйгілі композитор, «Отырар сазы» ұлт аспаптары академиялық оркестрінің негізін қалаушы Нұрғиса Тілендиевтің жары, белгілі мәдениет қайраткері Дариға Тілендиеваның дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

ҚҰРЫЛТАЙ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЫҚПАЛ ЕТТІ

Ертең Бурабайда Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен 2022 жылдың маусымында алғаш рет жиналған құрылтай мүшелері биыл төртінші рет бас қосады. Әрине, төрт жылда ротация арқылы Құрылтай мүшелерінің бірқатары алмасты. Төрт жылда Құрылтайда көтерілген көптеген мәселе мемлекеттің қолдауына ие болып, құқықтық базасы қалыптасты. Ел ішіндегі олқылықтарды жоюға бағытталған қадамдар жасалды. Әлі де талай игі бастама көтерілетіні анық.

→ 5

БЮДЖЕТКЕ ҚОЛ САЛУ АЗАЙМАЙ ТҰР

Қарағанды облысында мемлекет қаржысына қол салу азаймай тұр. Ақшаны шенеуніктер де, мемлекет қазынасын пайдаланатын кейбір сервистік компаниялар да иемденіп кеткен. Құзырлы органдар қазына қаржысына қол салғандардың мемлекетке келтірген шығыны миллиондап саналатынын алға тартады.

→ 7

«ЖАСТАРДЫҢ» БАЛАЛАРҒА АРНАҒАН СЫЙЫ

Театр – ең бекзат өнер. Оның туындысы ересектерге ғана арналған деген жеңіл ойдан аулақ болу керек. Өйткені балаларға арналған театрланған қойылымдардың саны да, көрермені де артып, тақырыптың кеңейіп келе жатқаны байқалады. Елдегі барлық дерлік театрдың репертуарында бүлдіршіндерге арналған спектакльдер азды-көпті қойылып келеді. Мәселен, «Ұр, тоқпақ», «Алтын балапан», «Күлше қыз» сияқты төл әдебиетіміз бен шетелдік үздік туындылардың аудармасы кішкентай көрерменнің көзайымына айналған.

→ 8

ШЫҒЫСТАҒЫ АЛАМАН

«AMANAT» партиясының қолдауымен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі Алтай төрінде жазушы, драматург Қалихан Ысқақтың 90 жылдығына арналған «Қарасөздің қарагері – Қалихан» атты республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды.

→ 3

ЖОҒЫ ТҮГЕЛДЕНБЕГЕН ЖЕТІСУ ТУРИЗМІ

«Жер жәннаты – Жетісу» деген атауының өзі бұл аймақтағы тұмса табиғат пен таңғажайып ортаның ерекшелігін танытса керек. Шынымен, нуы мен суы жарасқан өңір қоршаған ортаның сыйына бай. Демек, облыстағы туризмнің қанат жаюына ешқандай кедергі болмауы тиіс. Алайда дәл қазіргі аймақтағы ахуалға қарап олай деп айту қиын. Өкінішке қарай, Жетісудағы туризмнің жоғы әлі түгелденбей отыр.



→ 7

САЯСАТ

13 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Сильван Гиогемен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев дипломатты тағайындалуымен құттықтап, Франция Қазақстанның Еуропалық Одақтағы стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сұхбат кезінде екі ел арасындағы байланысты нығайту ісінде мемлекет басшыларының достық қарым-қатынасы елеулі рөл атқаратыны, соның арқасында бүгінде көптеген салада маңызды келісімдерге қол жеткізілгені айтылды.

«Қазір Қазақстан мен Франция арасында ең жоғары деңгейде сындарлы саяси диалог қалыптасты. Екі ел Президенттерінің өзара сапарлары мемлекеттеріміздің ынтымақтастығына тың серпін берді. Соның аясында стратегиялық серіктестікті нығайтуға бағытталған Бірлескен декларацияға қол қойылды. Біздің Парламенттің екі палатасында да Франциямен достық топтары жұмыс істейді. Олардың қызметі депутаттар арасындағы ынтымақтастықты арттырудың маңызды тетігі екені анық. Алдағы уақытта жұмыс топтарының әлеуетін белсенді пайдаланған абзал», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде сауда-экономикалық, инвестициялық және инфрақұрылымдық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Тараптар климаттық күн тәртібіне, энергетика саласына, цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуға қатысты бірлескен міндеттерді де белгіледі.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға тоқталып өтті. Палата Спикері орнықты дамуға, инклюзивті қоғам құруға, рухани дипломатияны ілгерілетуге арналған жобалар жөнінде кеңірек айтып, биыл қыркүйек айында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» атты VIII съезіне назар аударды.

Өз кезегінде Сильван Гиоге Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерді еңсеру, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды іске асыру жолындағы табандылығын жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Парламент Сенатымен екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүдделі екенін білдірді.

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

QS World University Rankings пәндік рейтингі бойынша Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірқатар білім беру бағдарламасы әлемнің үздік ТОП-200 БББ қатарына енді.

Үздік пәндер қатарында: «Қонақжайлылық және демалысты басқару» (топ 101-150), «Археология» (топ 101-150), «Ағылшын тілі мен әдебиеті» (топ 101-150), «Лингвистика» (топ 101-150), «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (153 орын), «Тарих» (топ 201-250) бар.

Сондай-ақ әлемдегі үздік үш жүздікке университеттің «Инженерия және технологиялар» (292-орын) және «Саясат және халықаралық зерттеулер» (250-300) пәндері кірді. Ал үздік 500-ге «Әлеуметтану» (301-350), «Білім» (301-350), «Бизнес және менеджмент» (501-550) білім беру бағдарламалары енді.

ЕҰУ ұсынылған пәндердің жалпы санында оң динамикасын көрсетуді жалғастыруда, бұл биыл 21-ге дейін өсті. Салыстыру үшін айта кетейік, 3 жыл бұрын олардың тек 11 пәні болған, яғни көрсеткіш екі есеге өскен. Биыл ЕҰУ 17 пән және 4 пәндік бағыт бойынша рейтинг зерттеуіне ұсынылды.

Рейтинг бірқатар көрсеткіш, атап айтқанда, академиялық бедел, жұмыс берушінің беделі, дәйексөздер, h-индексі, халықаралық зерттеу желісі бойынша бағаланады.

Биыл алғаш рет ЕҰУ «Жаратылыстану ғылымдары» пәндік бағытына еніп, 455-орынға ие болды. Университет сонымен қатар «Математика» бойынша 501-600 үздік қатарына енді.

Ең үздік пәндер 100-ден сәйкесінше 72 және 68,8 балл жинаған «Қазіргі тілдер» мен «Лингвистика» болды.

К.ЕРКІНҚЫЗЫ

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШІ – АЙРЫҚША НАЗАРДА

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың Төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдап, аквавсіру туралы заңды ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылдады. Сонымен қатар мәжілісмендер биыл қаңтар айында депутаттардың өңірлерге сапары барысында түскен азаматтардың өтініштерін мемлекеттік органдардың қарау қорытындылары туралы Үкіметтің ақпаратын тыңдады.

Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев депутаттардың өңірлерге жасаған сапары барысында түскен азаматтардың өтініштерін мемлекеттік органдардың қарау қорытындылары туралы баяндады. Ол депутаттардың Үкіметке 700-ге жуық жүйелі проблемалық мәселе жолдағанын атап өтті. Оның көп бөлігі, яғни, 46 пайызы әлеуметтік блокқа қатысты. Бұл – денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік-еңбек саласы және басқалар.

– Тұрғындар көтерген мәселелердің бірі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі. Халық тарапынан, депутаттар тарапынан бірқатар сұрақ бар екені бізге мәлім. Үкімет осы жүйені жетілдіру бойынша тиісті заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізді. Түзетулерді қосымша талқылап, Мәжілістегі жұмыс топтары мен комитет отырысында бөлек қарастырамыз, – деді Е.Көшербаев.

Сондай-ақ сайлаушылардан коммуналдық инфрақұрылым, көлік, агроөнеркәсіптік кешен, өнеркәсіп, құрылыс, энергетика, заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша сұрақтар түсті. Өңір тұрғындары тарапынан қойылған сауалдардың 5 пайызы экономикалық даму мен кәсіпкерлікке қатысты.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов сайлаушылардың талап-тілегін орындау бойынша Үкіметтің ақпаратын тыңдау дәстүрге айналғанын және мұндай жұмыс форматының дұрыстығы дәлелденіп, тиімділігін көрсеткенін айтты.

– Мемлекет басшысы жариялаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» мәні осында. Бүгін біз мемлекеттік органдармен бірге сайлаушылардың өтініштерін қарау нәтижелерін жан-жақты талқыладық. Олардың әрқайсысы ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Тек осындай отырыстарда ғана емес, депутаттар мен Үкімет мүшелері күнделікті байланыста болуы қажет деп ойлаймын. Мемлекеттік органдар оларды дереу шешуі қажет, шара қолдануы керек, – деді Е.Қошанов.

Мәжіліс депутаттары мен саяси партиялардың фракциялары азаматтардың өтініштерінің орындалуын ерекше бақылауда ұстайтын болады.

Жалпы отырыс барысында депутаттар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері туралы заң жобасы мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Түзету авторларының бірі, жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева заң жобалары тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталғанын айтты.

– Үкімет 2019 жылдан бері жүргізіп келе жатқан тұрғын үй қорын басқару жүйесін реформалау мақсатына жете алмады. Мұның объективті және субъективті себептері бар. Мемлекет басшысы 2023 жылғы сәуірде Үкіметтің кеңейтілген отырысында реформаға шынайы баға беру қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты жіберілген қателіктер мен істердің нақты жағдайын ескере отырып, депутаттық корпусқа кондоминиумдарды басқарудың құқықтық негізін қайта қарау тапсырылды. Бұл заң жобасы осы тапсырманы орындау үшін дайындалды, – деді депутат.

Екатерина Смышляеваның айтуынша, заң жобасында кондоминиумды басқарудың екі түрі – мүлік иелерін біріктіру және тікелей бірлескен басқару қарастырылған. Қарапайым серіктестіктер жеке нысан ретінде алынып тасталады, бірақ басқарудың екінші нысаны ретінде іс жүзінде жұмысын жалғастырады. Басқару субъектілері басқарушы компания, кәсіби басқарушы және пәтер иелері кооперативі болады. Бұл ретте пәтер иелері кооперативі қызметі үшін қайта тіркеуге қойылатын талаптар мен құқық белгілейтін құжаттарды беру тәртібі белгіленеді.

Меншік иелерінің бірлестігіне үйді басқару жөніндегі қызметті өз еркімен жүргізуге құқық беріледі. Тұрғын үй инспекциясының өкілеттігі кеңейтіледі. Ол кәсіби басқарушылардың біліктілік сертификатының болуын және кондоминиум объектісін тіркеуді, сондай-ақ тұрғын үй-жайларды пайдалану нормаларының сақталуын қадағалайтын болады. Құрылыс салушылар бірінші пәтерді сатқаннан кейін кондоминиумды тіркеуге міндетті.

Сонымен қатар тұрғындардың жиналыстарын өткізу тәртібіне, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы электронды дауыс беру бөлігіне өзгерістер енгізіледі. Меншік иелерінің бірлестігі төрағасының өкілеттік мерзімі сайланған кезден бастап бір жылдан үш жылға дейін ұзартылады. Сондай-ақ заң жобасы арқылы тұрғындарға есеп бермегені және үйге қажетті құжаттарды беруден бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтіледі.

Мәжіліс екінші оқылымда «Аквавсіру туралы» заңды ілеспе түзетулерімен қабылдап, Сенаттың қарауына жолдады. Жұмыс тобының жетекшісі Сергей Пономаревтің айтуынша, заң аквавсіруді дамыту саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық тетіктерді, сондай-ақ шағын және орта бизнес үшін инвестиция тарту жағдайын жақсартуға бағытталған.

Депутаттардың ұсынысы бойынша жосықсыз аквавсіру субъектілерінің тізілімі енгізіліп, оған енгізілген тұлғаларға су қоймасын жалға алуға бес жылға тыйым салынады. Заңда аквавсіру қызметін жүзеге асыруға арналған шартты мерзімінен бұрын бұзу негіздері қарастырылған. Сондай-ақ аквашаруашылық субъектілеріне және оны дамытуға жауапты субъектілерге субсидия беруден бас тарту негіздері, аквашаруашылықты субсидиялау аясында алынған қаражатты қайтару талаптары мен мерзімдеріне қатысты шаралар көрсетілген.

– Сонымен қатар біз балық және балық өнімдерінің көлеңкелі айналымын жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерді, балық және басқа да су жануарларын бақылаудың ақпараттық жүйесінде балық шаруашылығы субъектілерін тіркеуді қарастыратын түзетулер енгіздік, – деді Сергей Пономарев.

Түзетулер балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның балықтың жаппай қырылу қаупінің алдын алу және оның салдарын жою бойынша көмек көрсету жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтеді. Мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындары балық өсіру мақсатымен уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің шешімімен конкурссыз су айдынын алуға құқылы. Басқа да нормативтік-құқықтық актілер, соның ішінде Экология және табиғи ресурстар және Ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы құқықтық олқылықтарды жоюға және өкілеттіктерді бөлуге арналған нормалар қарастырылған.

Депутаттар жалпы отырыс барысында Жоғарғы аудиторлық палата мүшелігіне Рахымжан Ділдаевтың кандидатурасын келісті.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері туралы; 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы; Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары.

М.ЖАСЫН

ҮКІМЕТ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері өзгерген уақыт белдеуінің халықтың физикалық және психикалық денсаулығына, еңбек өнімділігіне және энергетикалық ресурстарды тұтынуға әсері туралы зерттеу нәтижелері бойынша Үкімет есебін тыңдады.

Бұл зерттеу жұмысы «AMANAT» фракциясының ұсынымын іске асыру шеңберінде 6 бағыт бойынша жүргізілді. Беделді ғалымдар мен сарапшылар, ғылыми институттар тартылды. Зерттеу барысында географиялық параметрлері ұқсас әртүрлі мемлекеттің тәжірибесі назарға алынды.

Депутаттар алдында Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев сөз сөйледі.

– Салыстырмалы талдау жұмысы Еуропадағы көптеген дамыған елде Қазақстанға ұқсас таң ату және күн бату мерзімі бар екенін көрсетті. Аталған мемлекеттер осындай жағдайда белсенді дамып келеді. Адами капиталды дамыту бойынша да жоғары көрсеткіштерге ие. Осыған байланысты Үкімет бірыңғай уақыт белдеуін енгізу туралы шешімді қолдай отырып, оны толық негізделген деп санайды, – деді вице-премьер.

Сондай-ақ ол зерттеу нәтижелері бірыңғай уақыт белдеуіне көшу елдегі білім беру процесінің нәтижелеріне теріс әсер етпегенін, сондай-ақ жол-көлік оқиғалары мен көшедегі қылмыс жағдайына айтарлықтай әсерін тигізбегенін растады.

Сонымен қатар бүгінде Шығыс Қазақстан облысының жеті ауданында жұмыс кестесіне түзету енгізілді. Бұл бастама жергілікті тұрғындар тарапынан кең қолдау тапты.

Халық қалаулыларының сұрақтарына Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және Үкіметтің өзге де өкілдері жауап берді.

А.Шаққалиевтің айтуынша, алдын ала деректер халық өмірінің негізгі көрсеткішіне және экономиканың негізгі салаларының жұмыс істеуіне өзгерген уақыт белдеуінің тигізген теріс әсерін анықтаған жоқ.

Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев бірыңғай уақыт белдеуін енгізу қадамы денсаулық сақтау саласына оң өзгеріс алып келгенін, аурулар санының төмендегенін атап өтті. Мәселен, жедел жәрдем шақырту саны 0,4%-ға, жүрек-қан тамырлары ауруларымен сырқаттану көрсеткіші 3,5%-ға, психикалық және мінез-құлық бұзылысы 1,6%-ға, жарақаттану көрсеткіші 3,3%-ға, қатерлі ісіктер көрсеткіші 1,7%-ға төмендегені байқалды. Яғни, уақытты ұтымды бөлу – қоғамдық денсаулыққа оң әсерін тигізуде.

– Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында Үкімет уақыт белдеуін ауыстырудың азаматтардың тұрмысына және ел экономикасына әсерін жан-жақты зерттеуі тиіс екенін атап өтті. Бүгін Үкімет «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттарына осы ғылыми зерттеудің қорытындысын таныстырды. Ол ғалымдардың, сарапшылардың қатысуымен өткізіліп, Қазақстанда бірыңғай уақытты енгізу туралы шешімнің ғылыми негізділігін көрсетті, – деді Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов.

Талқылау жұмысын қорытындылай келе, депутаттар Үкіметтің ғылыми-зерттеу нәтижесін қабылдады. Депутаттар зерттеу қорытындысын қалың бұқараға жеткізудің маңызын атап өтті.

Сонымен қатар депутаттар Үкіметке жергілікті билік органдарымен, мәслихаттармен бірлесіп, еліміздің бірыңғай уақыт белдеуіне көшуінің маңызы мен ғылыми негізі туралы арнайы түсіндіру жұмысын жүргізуді ұсынды. Бұл жұмысқа ғалымдарды, сарапшылар тобының өкілдерін, қоғамдық пікір көшбасшыларын белсенді тарту керек. БАҚ пен әлеуметтік желілерде тиісті ақпараттық жұмыс ұйымдастыру қажет.

Сонымен қатар халық сұранысы мен шетелдік тәжірибені ескере отырып, жергілікті жерлерде жұмыс кестесін өзгерту тәжірибесін жалғастыру керек.

ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК – ӨТКІР МӘСЕЛЕ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары «Жасөспірім қыздардың құқығын қорғау, ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел отырысын өткізді.

Комитет төрағасы Нұртөре Жүсіп жасөспірім қыздардың жүктілігі проблемасы кешенді тәсілді талап ететін құқықтық және әлеуметтік өткір мәселе екенін атап өтті. Оның айтуынша, ерте ана болу жас аналар мен олардың балаларының денсаулығына кері әсерін тигізеді, білім алу мен толыққанды даму мүмкіндіктерін шектейді.

«Біздің дөңгелек үстел жасөспірім қыздардың құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде атқарылған және алдағы жұмыстарды талқылауға бағытталған. Профилактикалық шараларды күшейту, жастардың хабардарлық деңгейін арттыру, жасөспірімдерге дәрігерлік және психологиялық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту басым міндеттердің қатарына жатады. Мекемеаралық өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерін әзірлеу де маңызды. Ол осы мәселені кешенді тәсілмен шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Нұртөре Жүсіп.

Отырыс барысында репродуктивті денсаулық бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мәселелері, жасөспірімдер жүктілігінің алдын алудағы мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың рөлі, сондай-ақ жасөспірім қыздарды қолдау үшін қолайлы жағдай жасау жөніндегі шаралар талқыланды.

Қатысушылар кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жұмыстары тұрақты негізде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл бағытта мемлекеттік құрылымдар ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар, сарапшылар қауымдастығы және халықаралық әріптестер де ерекше рөл атқарады.

Қатысушылар дөңгелек үстелді қорытындылай келіп, заң ережелерін жетілдіру, ағартушылық бастамаларды дамыту және өмірде қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерді қолдау жүйесін кеңейту жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін атап өтті.

АСТАНАДА ЖАҢА СТАДИОН САЛЫНАДЫ

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, заңсыз иемденген активтер есебінен әлеуметтік маңызды инфрақұрылым салу жобаларын жүзеге асыруда. Астанадағы Қ.Мұңайтпасов атындағы ескі стадионның орнына жаңасын салуға Арнаулы мемлекеттік қордан 17,3 млрд теңге қаражат бөлу туралы шешім қабылданды.

Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадион 1936 жылы салынған. Қазір ескі ғимарат жарамсыз болғандықтан толығымен бөлшектелген. Жаңа стадионның құрылысы 2025 жылдың соңында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Спорт нысаны қозғалыс мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған орындарды қоса алғанда, 3598 орынға есептелген. Стадион UEFA халықаралық стандарттарына сай салынады. Құрылыс аяқталғаннан кейін нысанды Астана қаласы әкімдігінің №8 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің балансына беру жоспарланып отыр.

Жаңа стадион оқу-жаттығу жиындары үшін қолданысқа беріледі. Оны пайдалануға берілуі оқу-жаттығу үдерісін жақсартуға, спортшыларды дайындауға оңтайлы жағдай жасауға және олардың нәтиже көрсету мүмкіндігін арттыруға септігін тигізеді.

Бүгінде түрлі өңірлерде әлеуметтік маңызы бар 16 нысан салуға Арнаулы мемлекеттік қордан 82 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Атап айтқанда, 1 музыкалық мектепті қоса алғанда 7 мектеп, 2 спорт кешені, көпсалалы аурухана кешені, облыстық жедел жәрдем стансасы, Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, жатақхана және 2 балабақша бар. Сонымен қатар қаражат Қызылорда облысындағы Арал ауданында сумен жабдықтау жүйелерін салуға және жаңғырту жұмыстарына бағытталды.

М.ЖАСЫН

«AMANAT» партиясының қолдауымен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі Алтай төрінде жазушы, драматург Қалихан Ысқақтың 90 жылдығына арналған «Қарасөздің қарагері – Қалихан» атты республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды.

ШЫҒЫСТАҒЫ АЛАМАН

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 ақын сөз сайыстырған жыр бәсекесінің екінші айналымына қарсыластарынан жоғары ұпай алған Серік Қуанған, Аспанбек Шұғатаев, Рүстем Қайыртайұлы, Жансая Мусина, Біржан Байтуов және Иранғайып Күзембаев сынды аузымен құс тістеген жүйрік ақындар 1,5 сағат бойы өзара сөз сайыстырып, кім мықтыны анықтады.

Айтыс барысында ашы да тұшы тақырыптар, орынды әзіл-қалжың мен елдік мәселелер қозғалып, көрерменнің қолдауына ие болды. Облыс орталығында араға он жыл салып қайта ұйымдастырылған айтыс – ұлтымыздың ерекше өнері ретінде сағынған халықтың айызын қандырды.

«Айтыс біз үшін сөз өнерінің төресі деуге болады. Айтыстың қадірін ежелден халқымыз жоғары бағалаған. Бүгін біздің қаламызда өткен сөз додасына жиналған жұртшылықтың залға сыймауы халықтың айтысқа сусап қалғандығын көрсеткендей болды. «AMANAT» партиясы ұлттық өнерді ұлықтауда әрдайым бастамашы болуда», – дейді Партияның облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Аманбай Нұркенов.

Қазылар алқасының бірауыздан қабылдаған шешімімен алты сағатқа созылған жыр бәсекесінің бас жүлдесін талантты ақын Серік Қуанған қанжығасына байлады. Сыйлықты Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов өзі табыстап, айтысты жарты күннен астам тапжылмай тыңдаған көрерменге, сөз маржанын сапырған ақындарға, айтысқа арнайы келген ақын Жүрсін Ерман мен депутат Аманжол Әлтаевқа, сондай-ақ өзге де қазылар алқасына ризашылығын білдірді.

«Шығысымызда сән-салтанаты жарасқан керемет кеш өтті. Айтыс өнерінің жанкүйерлері – сіздерге, от ауыз, орақ тілді, сәйгүліктей жүзден жүйрік шыққан, бүгін бағы жанып, бабы келіп тұрған айтыскерлерге – басымызды иіп үлкен рахметімізді айтамыз. Бұйыртса, Қалихан Ысқақ есімінің құрметіне арналған іс-шаралар легі жазда республикалық деңгейде Катонқарағайда да жалғасын табады. Қара сөздің хас шебері болған ағамыздың өнегелі өмірі – болашақ ұрпаққа үлгі. Сондықтан осындай рухани іс-шаралар жалғасын табуға тиіс. Қазақтың айтысы барда, рухымыз берік, болашағымыз айқын», – деді аймақ басшысы.

Жүлделі бірінші орынға ақтық сайыста Серік Қуанғанмен сөз таластырған талантты ақын, семейлік Рүстем Қайыртайұлы лайық деп танылса, екінші орынды қызылордалық Иранғайып Күзембаев пен павлодарлық Аспанбек Шұғатаев өзара бөлісті. Үшінші орын оралдық Жансая Мусина мен оңтүстіктен келген Біржан Байтуовқа бұйырды. Айтысқа үлес қосқан өзге ақындардың барлығына ел атынан қомақты сый-сияпат көрсетілді.

Ә.САМАТҰЛЫ

НАРЫҚ

13 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Кәсіпкерлер дабыл қағып жатыр. Олардың айтуынша, соңғы айларда тасымалдаушыларымыздың жүгін Ресей тартып алып, көліктерін бос қайтара бастаған. Бизнес қауымдастық мұны «сауда соғысы» деп бағалады. Араша түскен Сыртқы істер министрлігі Мәскеуге наразылық нотасын жіберді. Бұл ретте ресейлік кеден қызметі барлығын емес, жекелеген жүк түрлерін тәркілеуге көшкені белгілі болды. Бірақ бұдан кәсіпкерлеріміздің ахуалы жеңілдеген жоқ. Солтүстік көрші тарапынан шектеу-тыйым тек көбейіп барады.

Елдар ҚАБА (коллаж)

ТАСЫМАЛДА ТОСҚАУЫЛ НЕГЕ ТУЫНДАДЫ?

Елдос СЕНБАЙ

БІР ТҮЙІН ТАРҚАТЫЛҒАНМЕН...

Сауда және интеграция министрлігі сүйінші сұрады. «Ресей–Беларусь шекарасындағы қазақстандық тасымалдаушылар үшін қойылған тосқауыл алып тасталды! 2024 жылдың 8 қаңтарынан бастап РФ ФҚҚ Шекара қызметі қазақстандық тасымалдаушыларға Ресей–Беларусь шекарасын кесіп өтуге толық тыйым салған-тын. Сәйкесінше, Беларусь аумағы арқылы Еуропадан Қазақстанға және оған қарсы бағыттағы барлық транзиттік жол жабылған еді» деп еске салды ведомство.

Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жүргізілген жедел келіссөздер нәтижесінде 2024 жылғы 12 қаңтарда қазақстандық тасымалдаушылар үшін «Езерище–Невель» (Лобок) шекара өткелі ашылған. Өзге өтпелер жабық қалды. Содан Астана одақтың жоғарғы органдарына шағымданды. Қазақстан тарапы Еуразиялық экономикалық комиссияға Мәскеудің бұл тірлігін «тосқауыл» деп ресми қарастыру және алғызып тастау туралы үндеу жолдады. Одақ асықпағанға ұқсайды.

– ЕуразЭК алаңында қазақстандық сарапшылар Ресей тарапының әрекеті ЕАЭО туралы шарттың қозғалыс еркіндігін қамтамасыз ету бөлігіндегі ережелеріне қайшы келетінін дәлелдеді. Бұл ЕуразЭК-тің тосқауыл белгілерінің болуы туралы қорытындысымен де расталды. Консультациялар қорытындысында Мәскеу шектеуін алып тастауға шешім қабылдады, – деп түсіндірді Сауда министрлігі.

Сөйтіп, бүгінде қазақстандық тасымалдаушыларға Ресей–Беларусь шекарасынан өтуі үшін 6 бақылау-өткізу пункті ашық: Юховичи – Долосцы, Езерище – Невель, Лиозно – Кругловка, Редьки – Красная Горка, Звенчатка – Дубовичка, Селище – Новозыбков. Енді қазақстандық бизнес осы 6 бағыт бойынша өткізу пунктерінен емін-еркін өте алады.

Алайда кәсіпкерлердің айтуынша, бұл тек – РФ қойған қаптаған кедергінің біреуінің ғана шешімі. Өзге кедергілер жойылған жоқ.

– Ресейлік шекарашылар мен кеденшілер біздің тауарларды асықпай, ұзақ, жіті қарайтынды шығарды. Себебін сұрасақ түсіндірмейді. Тәркіленген жүгінің соңынан қуынған кәсіпкерлеріміздің бірінің үстінен жаламен іс қозғап, Ресейге кіруіне 5 жылға тыйым салды. Бұл істе одақтан қайыр шамалы болып тұр. Мысалы, Қазақстан жағы шекарадағы «Сырым» және басқа өткізу пункттерін реконструкциялап, 8 қозғалыс жолағын 12-ге дейін көбейтіп жатыр. Алайда автокөлік ағынының өту жылдамдығы бәрібір артпайды, шекарадағы кезек пен дүрбелең сақталады. Себебі РФ Қазақстанмен шекарадағы өткізу бекеттерін жаңғыртуды 2028 жылдан әріге ысырды, – дейді тасымалдаушы компанияның өкілі, заңгер Мұратбек Сұлтанов.

Екі ел арасындағы сауда-саттық пен экономикалық қатынастар өркен жаюы үшін, әрине Ресей тарапының да шекаралық сызықтағы инфрақұрылымын жақсартудың қамын жасағаны маңызды. Жыл санап алыс-беріс артқандықтан ескі бекеттер жүк және жеке көліктің ұлғайған ағынын еңсеріп үлгермей жатыр.

ЫРҒАСУ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚТАСУ МАҢЫЗДЫ

Бизнес қауымдастықтың айтуынша, РФ жағы өз аумағы арқылы шетелге тасымалдауға тыйым салынған тауар түрлерінің ауқым-ассортиментін биыл күрт арттырды. Бұл туралы олар Қазақстанды хабардар етпеген. Біздің жауапты органдар экспорттаушылар орнатып, онда ресейлік «жаңашылдықтар», шектеулер мен тыйымдар туралы толыққанды әрі өзекті ақпаратты іліп қоюы қажет.

Онымен танысқан жүк тасушы әрі баспай, ел шетінен кері орала алады. Э.Өтешева онда жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың мемлекеттік шекара және РФ аумағы арқылы нені тасымалдай алмайтыны бөлек-бөлек жазылуы керек екеніне екпін түсірді.

Қазір отандық тасымалдаушыларды Ресейде жаппай ұстап алу деректері тіркелмеген. Алайда бизнес қауымдастықтар ресейлік кеденшілер мен құзырлы органдардың қазақстандық жүк көліктерін «кідіртуі», тіпті жүгінен «арылтуы» жалғасатынын ескертті. Өйткені соған негіз болған себептер жойылған жоқ. РФ үкіметінің тиісті қаулылары күшінде қалды. Мұның сыртында ресейлік ақпарат құралдары жазғандай, РФ Федералдық кеден қызметі қазақстандықтарды контрабандалық тауар тасиды деп айыптаған. Нақты дәйек келтірмегендіктен, мұнысы шындықтан гөрі жалаға көбірек ұқсайды. Кез келген елдер арасында кездесе беретін мұндай жекелеген жағдай бір тараптың жаппай шектеу немесе тыйым енгізуіне заңды себеп бола алмайды.

Айта кетер жайт, жуырда отандық кәсіпкерлер ресейлік кеден органдарының негізсіз іс-әрекеттеріне шағымданып, Парламент депутаттарына жүгінген болатын. Олар Ресей үкіметінің 2022 жылғы 9 наурыздағы №311, №312, №313 қаулыларына өзгерістерге сілтеме жасап, Еуропа елдерінен халықаралық транзиттік тасымалдар шеңберінде Қазақстанға келетін жүктерін тексеріп, мүлдем кешіктіріп, кей жағдайда бермей жатқанын баяндады.

– Қазақстандық тасымалдаушылардан алынған ақпарат бойынша мұндай шектеулер Қытайдан Қазақстан мен Ресей арқылы транзитпен Еуроодақ елдеріне тасылатын жүктерге де қатысты болды. Көліктер тоқтатылып, жүктер көптеген тексеруге ұшырайды. Бұл біздің шағын және орта бизнеске айтарлықтай шығын әкелді. Олардың қолындағы онсыз да аз көлік РФ аумағында қаңтарылып тұрып қалды. Жүктерді тексерудің қосымша шығындарын да солар көтереді. Күту кезеңінде тұрған жүргізушілерінің түнеуі мен тамақтануына ақы төлеп, шығынға батты. Жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін шетелдік контрагенттері ірі айыппұл санкцияларын салып жатыр, – деді Мәжіліс депутаты Ержан Бейсенбаев.

Оның түсіндіруінше, жоғарыда аталған қаулылар аясында Ресей өз аумағынан тауарлардың жекелеген түрін әкетуге уақытша шектеу қойды. Алайда бұл қаулыларда тыйымның РФ аумағынан тыс жерлерде басталатын және аяқталатын халықаралық транзиттік тасымалдарға қатысты болатыны көрсетілмеген.

– Біздің ойымызша, ресейлік кеден органдарының үшінші елдерден тауарлар транзитіне тосқауыл қоюы тек одақтың емес, тіпті Ресейдің қаулыларына қайшы және қазақстандық импорттаушылар мен экспорттаушыларға залал келтіріп, екі ел арасындағы сауда ынтымақтастығына теріс әсер етеді. Қалыптасқан жағдай Еуразиялық одақтың мәні мен нормаларына қайшы келеді. Осыған сүйеніп, біздің Үкімет отандық бизнестің мүдделерін қорғауы және бұл мәселені ресейлік әріптестерімен реттеуі қажет, – деп санайды депутат.

ТЫЙЫМ ТІЗІМДІ ЗЕРТТЕУДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің түсіндіруінше, «одақтасымыз» осы арқылы Қытайдың және басқа елдердің бірқатар өнімінің Еуропа мен Украинаға өтіп кетуіне тосқауыл қойып жатыр. Мәскеу ол тізімге «әскери мақсатта пайдаланылуы мүмкін» деп санайтын өнімдердің бәрін енгізді. Бұл тізім өте үлкен. Мысалы, ағаш, түрлі аспап, компрессорлар, электрлі қозғалтқыштар, жабдық-агрегаттар, электр трансформаторлар, коммуникация құралдары, кейбір метал түрі, уран, әскери техника, жүк көліктері мен дрондарға дейінгіні қамтиды.

– Ресейлік кеден қызметінің қазақстандық тасымалдаушыларды ұстауы – РФ үкіметінің 2022 жылғы 9 наурыздағы №313 қаулысына 2024 жылғы 15 қазанда енгізілген соңғы түзетулердің қолданылуымен тікелей байланысты. Бұл түзетулерге сәйкес, арнайы тізімге кіретін жекелеген тауар түрін Еуропалық Одаққа және басқаларына (ЕО-дан тыс тағы 22 мемлекетке) әкетуге қатысты бұған дейін енгізілген тыйымдар енді қосымша тауарларға да таралатын болды, – деді С.Жұманғарин.

Вице-премьердің түсіндіруінше, осы тыйымды жүзеге асыру үшін ресейлік кеденшілер ресейліктердің ғана емес, сондай-ақ РФ территориясымен, оған тоқтамай транзитпен өтетін қазақстандық компаниялардың жүктерін де жаппай тексеріп, кеңейтілген тізбеге кіретін тауарларды тегіс тәркілеуге кірісті.

– Аталған тауарларды Ресейден әкетуге қатысты тыйым Ресей территориясы арқылы өтетін транзиттік жүктерге де қолданылады. РФ өзіне «қас ел» санатына жатқызған елдермен сыртқы сауда келісімшартын жасасуға кедергі қойып жатыр. Бұл ретте Ресей тарапы осы түзетулер күшіне енгенге дейін қазақстандық тарапты хабардар етпей, осы шектеулерді біржақты тәртіппен енгізді, – деді С.Жұманғарин.

Үкіметтің дерегінше, осы шектеу аясында бұған дейін мысалы, Қытайдан жүк тиеп, Қазақстан мен РФ аумағы арқылы Еуроодақ елдеріне транзитпен бет алған қазақстандық тасымалдаушылардың 20 жүк көлігін ұстау жағдайлары тіркелді. Ол фураларда тыйым салынған әскери немесе қосарланған мақсаттағы тауарлар болмаған. Негізінен, «литий-ионды аккумуляторлар» тиелген. Дегенмен бұл тауарды да Мәскеу енді Ресейден әкетуге тыйым салынған жүктер тізіміне қосыпты.

Ресейлік ақпарат құралдарының жазуынша, бұған қарсы Қазақстан Еуразиялық одақтың сотына шағымданбаған екен. Астана бәрін келіссөзбен шешуге тырысып жатыр. Үкімет басшысының орынбасары жүк тасымалдаушылар жүгінен айрылып қана қоймай, олардың үстінен іс қозғалып, қомақты айыппұл төлейтінін ескертті.

– Айта кету керек, РФ аумағынан тауарларды әкетуге қойылған тыйымдар мен шектеулерді сақтамағандардың үстінен Ресейдің Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 16.3-бабына сәйкес әкімшілік іс қозғалады. Тауарлары тәркіленіп немесе онсыз 50 мыңнан 300 мың рубльге дейін (шамамен 1,6 миллион теңге) әкімшілік айыппұл салынады. Осы жағдайды шешу мақсатында Қазақстанның Сауда, Сыртқы істер министрліктері Ресейдің уәкілетті органдарымен келіссөздер жүргізді, – деді вице-премьер.

Өз кезегінде еліміздің Сауда және интеграция министрлігі Ресейдің Экономикалық даму министрлігіне қазақстандық жүк көліктерін бұғаттаудан босатып, межелі жеріне шығарып салуды немесе оларды Қазақстанға қайтару мәселелерін шешуді сұрап, хат жолдады. Мәскеу тарапынан әзірге Астана күткендей оң реакция байқалмайды.

Заңгер Мұратбек Сұлтанов Қазақстанның бұл талабының заңды, ал Ресей шектеуі – одақ заңнамасына қайшы екенін айтты. Еуразиялық одақтың Кеден кодексінің 381-бабына сәйкес, оның бір мүшесі қандай да бір тауарды ЕАЭО кедендік аумағынан әкетуге тыйым салуға шешім қабылдаса, онда оның кеден органы ұсталған тауарларды тәркілемейді, декларантқа, меншік иесіне қайтаруы шарт. Алайда Ресей өзі арқылы транзитпен өтетін дрондар, оларға бекітілетін аккумуляторлар, әскери киімдер, жүк көліктері және басқасы соғыс жүргізу үшін керек болған соң, иесіне қайтармай, өзіне алып қойып жатыр.

Осыған байланысты Қазақстанның Ресейдегі Елшілігі проблемаға назар аудартып, РФ Сыртқы істер министрлігіне тиісті нота жолдады. Алайда Ресей тарапы өз әрекетін «заңсыз» санамайды. РФ Үкіметінің Қазақстан Үкіметіне жолдаған хатында «Қазақстан Республикасының аумағынан келіп жеткен жүктерге қатысты аталған тыйым мен шектеу шаралары экспорттық бақылау шараларына сәйкес қолданылып жатқаны» атап өтілген. Мәскеудің байламынша, мұндай тосқауылға одақтың заңы жүрмейді, себебі ол «ұлттық құзыретке жатады».

«Тауарлардың жекелеген түрлерін соның ішінде транзитпен әкетуге қатысты тыйым оларды РФ үшін «қас елдердің» пайдалануына жол бермеу мақсатында енгізілді» делінген Ресейдің түсініктемесінде.

Ал Қазақстан Үкіметі бұл мәселелерді әрі қарай тұрақты бақылауда ұстауға, бұл мәселені екіжақты форматта да, Еуразиялық экономикалық комиссия алаңында да талқылауға ниетті.

Қазір ірі державалар өз одақтастарын отқа да, суға да салатын заман туды. Ондай жағдайда ұлттық мүдделерді сақтап қалу, жеңілмеу, жем болмау үлкен дипломатияны, білікті қимылды, сауатты шешімдерді талап етеді.

Қалай болғанда, тасымал саласында туындаған түйткілді проблема жауырды жаба тоқымай, ашық айтылды. Оның шешімі қандай болатынын алдағы уақыт көрсетеді. Оған дейін кәсіпкерлерге континентіміздің жартысын жалпағынан басып жатқан көршіміз өз аумағынан өткізбейтін тауарлардың тізімін мұқият зерделеп, жүк көліктерінен, контейнерлерінен оларды алып тастау ғана қалады.

Жуырда отандық кәсіпкерлер ресейлік кеден органдарының негізсіз іс-әрекеттеріне шағымданып, Парламент депутаттарына жүгінген болатын. Олар Ресей үкіметінің 2022 жылғы 9 наурыздағы №311, №312, №313 қаулыларына өзгерістерге сілтеме жасап, Еуропа елдерінен халықаралық транзиттік тасымалдар шеңберінде Қазақстанға келетін жүктерін тексеріп, мүлдем кешіктіріп, кей жағдайда бермей жатқанын баяндады.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

13 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Ұлттық құрылтай Төрағасының орынбасары,
Парламент Сенатының депутаты:

ҚҰРЫЛТАЙ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЫҚПАЛ ЕТТІ

Ертең Бурабайда Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен 2022 жылдың маусымында алғаш рет жиналған құрылтай мүшелері биыл төртінші рет бас қосады. Әрине, төрт жылда ротация арқылы Құрылтай мүшелерінің бірқатары алмасты. Төрт жылда Құрылтайда көтерілген көптеген мәселе мемлекеттің қолдауына ие болып, құқықтық базасы қалыптасты. Ел ішіндегі олқылықтарды жоюға бағытталған қадамдар жасалды. Әлі де талай игі бастама көтерілетіні анық. Осы ретте біз Құрылтай төрағасының орынбасары, сенатор Бибігүл Жексенбаймен сұхбаттасып, ұлт дәстүрімен үндескен институттың атқарған жұмыстары жайлы пікірлескен едік.

– Бибігүл Нұрғалиқызы, міне Ұлттық құрылтайдың кезекті жиыны келіп жетті. Ұлт шежіресінде құрылтайлардың рөлі зор болушы еді. Заманауи Құрылтай ұлт тағдырына әсер ететіндей алаңға айнала алды ма?

– Иә, айналды. Ақтамберді жырау «жақсылар кеңес құрғанда» деп жырлайтын еді ғой, ондағы «жақсы» дегені халықтың ертеңіне елеңдейтін азаматтар болар деп топшылаймын. Қазіргі Ұлттық құрылтай да мемлекет пен ұлт тағдырына бейжай қарай алмайтын азаматтар бас қосатын, ел болашағына қатысты маңызды мәселелерді талқылап, шешім іздейтін бірегей алаң. Кезінде хандарымыз бен билеріміз бас қосқан келелі кеңестерде тұтас елдің тағдыры шешілген. Жаңғырып, XXI ғасыр талаптарына сай жасақталған біздің қазіргі Құрылтайымыз да ел ертеңіне қатысты салиқалы пікірлер айтылатын, болашақ жайлы ойласатын кеңеске айналды. Ұлттық құрылтай – қоғамдық дамудың заманауи үдерісіне интеграцияланған дала демократиясы дәстүрлерін жалғастырудың бірегей үлгісі. Бұл алаңда елді алаңдатқан пікірлер айтылады, оған мемлекеттік органдар құлақ түреді. Мұнда айтылған сөз тыңдалмай қалмайды. Өйткені Ұлттық құрылтайдың мүшелері – белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, үкіметтік емес сектордың өкілдері. Олар заң жобаларын дайындайтын түрлі сарапшылар тобына, мемлекеттік органдардың жанындағы комиссияларға кіреді, яғни Ұлттық құрылтайдың жұмысының нәтижесі қабылданған заңдардан, стратегиялық құжаттардан, зерттеулерден көрініс табады. Осылайша, олардың жұмысы заңнаманы қалыптастыруға және әлеуметтік инновацияларға тікелей ықпал етеді.

Қазір Қазақстанның Ұлттық құрылтайы қоғамдық бастамаларды талқылайтын және қалыптастыратын маңызды платформа десек, қателеспейміз. Құрылған уақытынан бері ол мемлекеттік басқаруды дамыту және азаматтық қоғамды нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Ұлттық құрылтай қоғамды топтастырып, бұқара мен биліктің диалогіне себепкер бола алатын, сондай-ақ еліміздегі демократиялық үдерістердің дамуына жағымды ықпал ететін маңызды қоғамдық-саяси институтқа айналды. Оның қызметі мемлекеттік құрылыстың және әлеуметтік саясаттың негізгі мәселелерін ашық талқылауға бағытталған.

– Жаңа бір институт ретінде қалыптаса бастаған Құрылтай жұмысына тарихи баға беру болашақтың еншісінде шығар. Дегенмен осынау институттың нақты жетістігін атай аласыз ба?

– Ұлттық құрылтайдың қызметінде ауыз толтырып айтарлық жетістіктер аз болған жоқ. Атап айтқанда, ең алдымен Азаматтық диалогті дамытуға үлес қосты. Нәтижесінде, Құрылтай қоғамның түрлі тобының өкілдеріне өз ой-пікірін білдіруге мүмкіндік беріп, негізгі әлеуметтік және экономикалық мәселелерді ашық талқылауға жол ашты.

Сонымен қатар Құрылтай аясында маңызды стратегиялық бастамаларды дайындау мүмкіндігі туды. Осылайша, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және экология салаларында реформа жасауға ұсыныстар айтылды.

Құрылтай жұмысы барысында мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізу де көзделді. Сөйтіп, Құрылтай мемлекеттік реформалардың тиімділігін бағалауға және оларды түзетуге көмектеседі.

Тағы бір жетістік ретінде қоғам өкілдерінің мемлекет ісіне қатысуын қамтамасыз етуді кеңейте түскенін атап өтер едім. Құрылтай жұмысының аясында азаматтардың мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысу белсенділігі артты. Міне, осы айтылғандардың өзі Ұлттық құрылтайдың маңызды қоғамдық институтқа айнала бастағанын көрсетеді.

– Нақтырақ айтсаңыз...

– Ұлттық құрылтай өз жұмысын бастағаннан бері өткен әрбір алқа отырыстарында белсенді азаматтардан 150-ге жуық ұсыныс пен бастама түседі. Президент Әкімшілігі Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысынан кейін Үкіметпен бірлесіп, Мемлекет басшысының бастамаларын тиімді жүзеге асыру жолдарын айқындады. Нәтижесінде, Президент тапсырмаларын орындауға арналған 40 тармақтан тұратын жоспар қабылданды. Жоспарға сәйкес, 10 заң (есірткі өндіргені үшін жауапкершілікті қатаңдату, лудоманияға қарсы күресу, тарихи нысандарды қорғау, археология саласы, ономастикаға қатысты жұмыс, мемлекеттік наградалар туралы және басқалары) әзірленіп, оның 9-ы қабылданды. Сонымен бірге заңсыз ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары және басқа да бағдарламалық құжаттар қабылданды. Яғни, Президенттің Атырауда көтерген бастамалары құзырлы мемлекеттік органдардың ұзақ мерзімге арналған жұмысына негіз болып, ауқымды іс-шаралардың жүзеге асуына арқау болып отыр. Қазір Парламент депутаттарының қарауында Ұлттық құрылтай алаңында ұсынылған тағы да бірқатар заң жобасы жатыр.

– Заңдар мен құқықтық нормалардан бөлек, қандай бастамалар жүзеге асты?

– Бұдан бөлек, Ұлттық құрылтай бірқатар бастаманы енгізуге ықпал етті. Атап айтқанда, өңірлерді басқаруда жергілікті қауымдастықтар рөлін күшейту, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігі механизмін дамыту, жастардың бойында цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған жаңа білім беру және балабақша мен мектептерде бала тәрбиесіне ұлттық құндылықтар негізіндегі бағдарламалар енгізу сияқты бастамалар болды.

Алдағы уақытта қоғамның барынша көбірек бөлігін қамту үшін Құрылтай ауқымын кеңейту, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық бағытында да қадамдар жасау, қоғамдық талқылар үшін цифрлық платформаларды да барынша пайдалану артық болмайды. Бұл Құрылтай жұмысын тіптен жандандыра түседі деп ойлаймын.

Жалпы, Қазақстанның Ұлттық құрылтайы ашық және тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастыруға көмектесе отырып, азаматтық қоғамды дамыту ісінде басты рөл атқаруын одан әрі жалғастырады. Оның жұмысы демократиялық институттарды ұзақ мерзімге нығайтуға және азаматтарды елді басқаруға жұмылдыруға бағытталып отыр.

Сөз басында нақты заңнамалық құқықтық нәтижелерін атасақ, енді қоғамдық пайдасына тоқталғым келіп отыр. Меніңше, Ұлттық құрылтайдың құрылуы – Қазақстандағы қоғамдық-саяси өзгерістердің маңызды кезеңі. Оның негізгі мақсаты – халық пен билік арасында ашық диалог орнату, ұлттық бірлікті нығайту және елдің даму бағытын айқындау. Құрылтай аясында бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізілді. Бұл тұрғыдан алдымен халық пен билік арасындағы диалогтің нығайғанын атап өткен болар едік.

Ұлттық құрылтай ең алдымен, әртүрлі өңірден, әлеуметтік топтардан және салалардан жиналған өкілдердің пікір алмасуына мүмкіндік берді. Бұл заң мемлекеттік деңгейде шешім қабылдау процесіне азаматтардың тікелей қатысуын қамтамасыз етіп, қоғамдағы сенімді арттыруға ықпал етті.

Екіншіден, Құрылтай ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ықпал етті. Құрылтайда ұлттық бірегейлік, мәдени мұраны сақтау және дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру, тарихи сананы жаңғырту және ұлттық дәстүрлерді жаңа заманға сай үйлестіру бағытында ұсыныстар жасалды.

Үшіншіден, әлеуметтік және экономикалық реформаларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстарға мұрындық болды. Құрылтайда азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жастарды қолдау, ауыл-аймақтарды дамыту, кәсіпкерлікті өркендету сияқты мәселелер қозғалды. Сарапшылар мен қоғам белсенділері нақты ұсыныстар беріп, олардың кейбірі мемлекеттік саясатқа енгізілді.

Төртіншіден, Ұлттық құрылтай этносаралық келісім мен бірлікті нығайтуға үлес қосып келеді.

Қазақстанның көпэтносты қоғам ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, Құрылтайда этносаралық татулықты сақтау, толеранттылықты дамыту және азаматтық біртектілікті қалыптастыру бойынша бастамалар көтерілді. Бір ұлт – бір мүддеге қазақстандықтардың жұмылуына негіз болды.

Бесіншіден, Құрылтай мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал жасай бастады.

Ұлттық құрылтай нәтижесінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда, жергілікті басқаруды күшейту, әкімшілік реформаларды жалғастыру және халықтың билікке деген сенімін арттыру шаралары қарастырылды.

Ұлттық құрылтайдың жұмысы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды өзгерістер жасауға серпін берді. Оның нәтижесінде қабылданған шешімдер елдің тұрақты дамуына, ұлттық бірегейліктің нығаюына және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Құрылтайдың тұрақты түрде өткізілуі Жаңа Қазақстанның демократиялық қағидаттарға негізделгенін көрсетеді және халықтың ел басқару ісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

– Менің білуімше, Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелердің арасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою, баланы қорғау, мемлекеттік марапаттарды реттеу сияқты ойлар айтылды. Кей азамат бұл мәселелерді екінші, үшінші қатардағы дүние деп ойлауы мүмкін. Ал бұл мәселелердің өзектілігі неде?

– Иә, қазіргідей жаһандағы геосаяси жағдай қысқа күнде қырық құбылып тұрғанда бұл айтылған дүниелер отбасы, ошақ қасының әңгімесіне ұқсап кетуі мүмкін. Алайда әйел мен баласыз отбасы болмайды. Ал әр отбасы – Отанның бір-бір кірпіші. Демек, отбасындағы зорлық-зомбылықты жою, балалардың алаңсыз өмірін қамтамасыз ету тұтас елдің тыныштығын, бақуаттылығын сақтау деп білемін. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау ісіне баса мән беріп келеді. Бұл – прогрессивті мемлекет құрудағы басты фактордың бірі. Тіпті, жуырда 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні мейрамында Президент «Аналар алаңсыз қоғамда балалар бақытты өмір сүреді» деген ой айтты. Меніңше, аналар алаңсыз болу үшін олардың құқы қорғалып, отбасында бақытты өмір сүруі керек. Сол себепті Ұлттық құрылтайда дәл осындай мәселелердің көтерілуі дұрыс деп санаймын.

Әрі Ұлттық құрылтай алаңында жанжақты талқыланғаннан соң әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған заң қабылданды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске қатысты кешенді шаралар жүйесі кезең-кезеңімен қалыптасты. Ал қабылданған арнайы заң отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды құқықтық тұрғыдан реттеу ісін қорытындылады.

Әу баста бұл бағыттағы алғашқы бастамалар Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшелері берген ұсыныстар мен ұсынымдар негізінде әзірленген еді. Кейін заңды даярлауға Балалардың құқықтары жөніндегі уәкіл, Ұлттық құрылтай мен Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері белсене атсалысты. Жаңа заң – Президенттің қоғамдағы бес кеселмен күресу жөніндегі жалпыұлттық бастамасы аясында қабылданған нақты шараның бірі болатын. Президент Атыраудағы сөзінде қоғамдағы кеселдің бірі ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты, буллинг пен агрессияны да атап өткен еді. Ал бұл келеңсіздіктер сапалы ұлт болып қалыптасуға кесірін тигізеді. Отбасында береке болмаса, қоғамның түзелуі екіталай. Сондықтан Құрылтайда айтылған пікірлер мен ұсыныстардың ұлт болашағына, сапасына тікелей қатысы бар екенін ескеру қажет.

Енді мемлекеттік наградаларға қатысты бастамаларға тоқталайын. Естеріңізде болса, Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Айбын» орденінің дәрежелеріне ұлт батырларының есімін беруді ұсынды. Сондай-ақ Президент Талдықорғандағы әскери авиабазаға Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің есімін беру туралы мәселе көтерді. Бұл бастамалар биыл 80 жылдығы атап өтілетін ортақ Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан соғыс және еңбек ардагерлеріне жасалған шексіз құрметтің белгісі деуге толық негіз бар. Мемлекеттік наградаларды атақты тұлғалардың атымен атау тәжірибесі көптеген елде бар. Енгізілген түзетулерге сәйкес, «Айбын» орденінің дәрежелеріне аты аңызға айналған батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімі берілді. Мұндай қадам халық қаһармандарының есімін ұлықтауға, жалпыұлттық бірлікті нығайтуға және отаншылдық сезімді оятуға зор үлес қосады деп сенеміз.

Ұлттық құрылтайда талқыланғаннан кейін Парламенттегі әріптестеріміз «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалар туралы заңына өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын әзірлеген болатын. Кейін заң қабылданды. Бұл – Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамаларды жүзеге асыру аясында қабылданған үшінші заң.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөздерінде еңбекқорлық пен кәсібилік құндылықтарын дәріптеу қажеттігі туралы үнемі айтып жүр.

Еңбек адамдарына құрмет туралы да Ұлттық құрылтайда ел Президенті айтқан болатын. Ал құрмет іс жүзінде көрінуге тиіс еді. 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жариялануын сол құрметтің белгісі деп білемін. Қазір осы саладағы білікті мамандардың мәртебесін көтеру үшін белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, мемлекеттік марапаттар жүйесіне жаңадан 9 құрметті атақ енгізілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті заңға қол қойды. Енді мемлекеттік наградалар жүйесіндегі бұрыннан бар 6 құрметті атақ жаңаларымен толығады. Атап айтқанда, ғалымдар мен өнертапқыштарға, инженерлерге, сәулетшілерге және құрылысшыларға, кеншілер мен шахтерлерге, геологтарға, өнеркәсіп, көлік, ауыл және су шаруашылығы саласының қызметкерлеріне берілетін құрметті атақтар қосылды.

8 наурыз қарсаңында осындай екі марапат алғаш рет тапсырылды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» атағы еңбек ардагері Ольга Шелудькоға берілсе, ал өндіріс озаты Майра Ерманова «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» атанды.

«Осындай нағыз еңбек адамдарына бүкіл ел болып құрмет көрсетіп, оларды жан-жақты дәріптеуіміз керек. Жұмысшы мамандықтары жылының түпкі мәні де – осы» деді салтанатты рәсімде Мемлекет басшысы.

Елімізде жұмысшы мамандықтарының мәртебесі біртіндеп артып келеді. Мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы кезеңкезеңімен өсіп жатыр. Өндіріс озаттары мен еңбек династияларының өкілдеріне тұрақты түрде мемлекеттік наградалар беріледі. Кәсіби мерекелер кеңінен аталып өтілетін болды.

Қажырлы еңбектің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді және еңбек адамының беделін одан әрі көтеруге септігін тигізеді.

– Ол түсінікті, Ұлттық құрылтайда тіпті құмар ойындары мәселесі де көтерілді ғой. Ол да маңызды ма еді?

– Неге маңызды емес? Лудомания біздің елде ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін деңгейге жетіп қалды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жетекшілігімен Қауіпсіздік кеңесінің бір отырысы осы мәселеге арналған еді. Құмар ойындары отбасын ойрандап, азаматтарды кедейлікке түсіреді, психологиясын бұзады, қылмыстың өршуіне әсер етеді. Орасан зор көлемдегі ақша букмекерлерге, соның ішінде шетелдіктерге кетеді. 2023 жылдың күзінде Денсаулық сақтау министрлігі лудомания бойынша тіркелген 36 мың адам бар екенін мәлімдеді. Олар психологиялық тұрғыда құмар ойындарына тәуелді болып қалған, медицина мамандары сырқат ретінде бағалап отырғандары ғана. Әйтпесе, есепке алынбағандары өте көп. Тіпті, мемлекеттік қызметшілердің жүздеген миллион теңгені казиноларда ұтқызып жібергені жайлы ақпараттар да шыққан. Нақты мысал айтайын, 305 адам 507 млн теңге ұтқызған. Құмар ойнағандардың арасында мемлекеттік қызметшілер де аз болмапты. Сондықтан құмар ойындарына тәуелділікті қоғам талқылап, тосқауыл қоюымыз керек. Сол себепті Ұлттық құрылтайда бұл мәселенің көтерілгенін орынды санаймын. Құрылтай бастамаларының бірі болған әрі Парламент депутаттары әзірлеген заңға Президент былтыр шілдеде қол қойды. Ол заң жобасы екі жылға жуық талқыланды. Сөйтіп, құмар ойындарын ойнауға рұқсат берілген адамдардың санын азайтуды көздейтін жүйелі іс-шаралардың біртұтас кешені қалыптасты. Осы құжатта борышкерлердің бірыңғай тізіміндегі азаматтарға қатысты шектеу шаралары енгізілді. Бұл – 3,5 миллионнан астам адамды құрайды. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына, букмекер конторалары мен тотализаторлардың барлық жердегі сыртқы жарнамасына тыйым салынады. Бұдан былай байланыс операторлары ұялы телефонға жарнамасы бар мәтіндік хабарламаны жібере алмайды.

Сонымен қатар лицензиясы жоқ шетелдің букмекерлік конторларының, тотализаторларының интернет ресурстарына және онлайн-казиноларға толық тосқауыл қойылды.

Лудоманияға шалдыққан азаматтарды сауықтыруға қатысты бірқатар шара қарастырылды. Құмар ойындарға тәуелді адамдарды медициналық оңалтудың тәртібі белгіленді. Мұндай адамдарды, құпиялылықты сақтай отырып, ақыл-кеңес беру арқылы бақылауға алу тәсілі енгізілді.

Қысқасы, бәс тігіп, құмар ойындарын ойнауға бүйрегі бұрып тұратындардың санын азайтуға барымызды салып жатырмыз. Өйткені ұлтты құрдымға сүйреуі мүмкін қатерлердің арасында осы құмарпаздық та бар. Демек, осындай өзекті мәселе Құрылтайда талқылануға тиіс еді. Солай болды да.

– Жалпы, Ұлттық құрылтайдың нақты рөлі қандай, мазмұны ше?

– Ұлттық құрылтайдың рөлі – қоғамдық үнқатысудың жаңа моделін қалыптастыру, әртүрлі саяси көзқарастағы азаматтардың басын қосып, елдің тәуелсіздігін сақтап қалуда бірігуге ықпал ету. Сонымен қатар Құрылтай әлеуметтік әділетсіздік сияқты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстарды талқылайтын институт. Атауының өзі айтып тұрғандай, бұл институт – диалог пен кеңесу орны. Әрі ұлт жадындағы саяси дәстүр мен заманауи амалдардың үйлесім тапқан алаңы.

Ұлттық құрылтайдың жұмысы елдің тарихи жадын жаңғыртуға, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға және жаңа саяси мәдениет қалыптастыруға бағытталған. Бұл құрылтайдың отырыстары Ұлытау, Түркістан, Атырау сияқты тарихи маңызы бар қалаларда өткізіліп, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауға және шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Ұлттық құрылтай Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарып, ұлтты біріктіру және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолында қызмет етеді.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Амангелді ҚҰРМЕТ

13 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Елорда төрінде «AMANAT» медиа сыйлығы – 2022» республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталған еді. Байқаудың Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Сөз зергері» сыйлығы Ғалымжан Елшібайға тапсырылды. Содан бері үш жыл жылжып үлгеріпті.

МҰҢАЙҒАНДЫ ЖҰБАТҚАН СӨЗ ЗЕРГЕРІ

«AMANAT» партиясының жылда Ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында тапсыратын медиа сыйлықтарының қатарына сол жолы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Сөз зергері» сыйлығы мен Шерхан Мұртаза және Камал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» сыйлықтарын енгізген болатын. Яғни, Ғалекеңнің еншісіне «Сөз зергері» сыйлығының иегері болу бақыты бұйырды. Сыйлықты байқау комиссиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты, белгілі журналист, ақын Жанарбек Әшімжан табыс етті.

Ғалымжан Елшібай журналистикадағы отыз жылдық жолында талай асуларды, талай белестерді бағындырды. Республикаға танымал қаламгер, тынымсыз тіршіліктің қазанына қайнап жүретін азамат, Түркістан өңірі журналистерінің көшбасшысы, ресми түрде айтсақ, Қазақстан Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалы төрағасы болды, қала берді қоғам белсендісі, облыстық мәслихат депутаты. Облыста жүріп республиканы мойындату да мықтылық. Бүгінде қазақ баспасөзінің қарашаңырағы, ел газеті «Egemen Qazaqstan»ның» Түркістан облысындағы меншікті тілшісі Ғалекеңнің бұл марапаты «егемендіктердің», сонымен бірге Оңтүстік журналистерінің мерейі деп есептейміз.

Бұған дейін облыста «Жыл журналисі», «Алтын қауырсын», «Жаңашыл журналист» сияқты бірталай номинация әріптестерінің арасынан озып шыққан Ғалымжан Елшібайдың еншісіне бұйырып келе жатқанын бір емес, бірнеше дүркін естіп-біліп жүргенбіз. Бірақ осы жолғы олжасы – республикалық байқауда Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Сөз зергері» сыйлығын жеңіп алуының жөні бөлек болды. Жалпы, Ғалымжан Елшібайдың тұтас елге танымал журналист болуына «Жас Алаш» газетінде қызмет етуі септігін тигізгені сөзсіз. Оған дейін, яғни республикадағы ең азулы басылымның табалдырығынан аттағанға дейін облыс орталығындағы «Шымкент келбетінде», облыстық «Оңтүстік Қазақстан», одан да бұрын аудандық «Төлеби туы» газеттерінде шыңдалу мектептерінен өткенінен, былайша айтқанда, журналистік бағыттағы барлық өсу баспалдақтарына біртіндеп көтерілгенінен ептеп хабарым бар. Алайда «Жас Алашта» істеген азаматтардың қайсыбірінің болмасын қаламы қандай өткір екенін елдің бәрі біледі. Әсіресе, Ғалекең «Жас Алашта» жұмыс істеген жылдары екінші тынысы ашылды. Нұртөре Жүсіп ағамыз басқарған кездегі «Жас Алаш» тіптен бөлек еді. Басқа жанрлар бір басқа, біздің айтысты да дәл «Жас Алаш» сияқты ыждаһаттап ашып, терең талдап жазған газет кемдекем. Әсіресе, 1997-2000-жылдары айтысты халыққа барынша айшықтап жеткізді. Сол «Жас Алаштың» сайдың тасындай іріктелген жігіттерінің бірі – Ғалекең Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болып бақандай 15 жыл жұмыс істеді. Жүсіпбек Қорғасбек, Рысбек Сәрсенбай ағалар бас редактор болған басылымда өткір-өткір мақалалар жазды. Сынаса, қанын шығарып сынады. Жақсылық болса, жарқыратып көрсетті. Ғалымжанның қай мақаласы болса да оқылмай қалмайтын.

Ғалымжан Елшібайдың осы тік мінезділігін, туралықтан таймайтын қасиетін, әрдайым әділдікті жақтайтынын Түркістан облыстық мәслихатындағы әріптестері жақсы білеміз, бас бармақпен бағалаймыз. Екеуміз де жетінші және сегізінші шақырылымда «AMANAT» партиясынан Түркістан облыстық мәслихат депутаттығына сайландық. Оған қоса, осы екі шақырылымда да екеуміз бір комиссияның, яғни мәслихаттағы Әлеуметтік-мәдени даму, мемлекеттік құқық, жергілікті өзін-өзі басқару және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссияның құрамында бірге тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келеміз. Ғалекең – осы әлеуметтік комиссия төрағасының орынбасары ретінде де жемісті еңбек етіп жүр. Жай қатардағы емес, белсенді депутат! Оған Ғалекеңнің кәсіби журналист ретіндегі шеберлігі мәслихаттағы жұмысын табысты жүргізуге көп себі тиіп жүр. Себебі Ғалекең қай мәселеге болсын сыни көзқараспен барынша объективті, ең бастысы, жанашырлықпен қарайды. Осы соңғы екі шақырылымда біз өзіміздің міндетіміз бойынша бірнеше салалардың жұмыстарын қарадық. Елдік мәселелерді шешуге келгенде Ғалекең сырт көзге «турасын айтып туғанына жақпайтын» сұсты, сесті көрінетін шығар, шындығында жүрегі жұмсақ, көңілі дархан, пейілі кеңдігінен көмекке мұқтаж адамдарға қашанда қол ұшын созуға дайын тұратын азамат. Бірінші кезекте мүмкіндігінше мүгедектердің мәселесін шешуге табандылық танытады.

Жасыратыны жоқ, біздің қоғам мүгедектігі бар жандардың жанайқайына әдетте селқос, салқын қарайды. Мұңзарын тыңдауға аса құлық танытпайды. «Мемлекет онсыз да мүгедектерге зейнетақысын төлеп, әлеуметтік жеңілдіктер жасап отыр ғой» деп өз-өзін ақтап алғысы келеді. Пандустарды орнатып берсе, бір-екі инватакси көлігін жүргізіп қойса, мүгедек жандардың бүкіл мәселесі шешіле кететіндей қарайды. Ал шын мәнінде кемтарлардың күнделікті тіршілігінде қандай қиындықтарға тап болатынын көпшілік жете түсіне бермейді, тіпті түсінгісі де келмейді десек артық айтпас едік. Олардың да өмірлік қызығушылықтары, арман-мұраттары барын ескермейді. Сол себепті шығар, өздеріне жанашырлық танытып, қол ұшын созған азаматтарға мүмкіндігі шектеулілер ерекше ықыласпен қарайды. Көмек көрсету былай тұрсын, жылы сөзін арнаған жандарды өзіне жақын тартады. Осы тұрғыдан алғанда Түркістан облыстық мәслихатында мүмкіндігі шектеулі жандардың мұң-мұқтажын ең жиі қозғап, нақты мәселелердің шешілуіне бірденбір атсалысатын депутат Ғалымжан Елшібай десек, қателеспейміз. Олай деуімізге бірнеше себеп бар. Халық қалаулысы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңеске төрағалық етеді. Мұның алдында Білім беру және денсаулық мәселелері жөніндегі кеңесті басқарған. Оған дейін «Мирас» қоғамдық кеңесінде бірге болдық.

Елімізде соңғы жылдарда ерекше қажеттіліктері бар жандарға деген көзқарастың түбегейлі өзгерісін байқауға болады. Бұрындары паралимпиадалық спорт түрлеріне қоғам тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінбей келсе, соңғы паралимпиада ойындарынан жеңіспен оралған спортшыларға елімізде ерекше құрмет көрсетілді. Бұл – бірінші кезекте мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ұстанған саясаты, «AMANAT» партиясының басты ұстанымдарының бірі болуының нәтижесі. «Кедергісіз келешек» атты партиялық жобасының аясында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасауға, қоғамда инклюзивті ортаны қалыптастыруға айрықша назар аударыла бастады.

Міне, осы бағыттағы партиялық мақсат-міндеттердің тиісті деңгейде орындалуын қадағалайтын, «Кедергісіз келешек» жобасының Түркістан өңірі бойынша амбассадоры болып бекітілген Ғалымжан Елшібай әрдайым мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мұң-мұқтаждарын тыңдап, мүдделерін қорғауға барын салуда. Депутат ретінде де, журналист әрі азамат ретінде де әрқашан ерекше қажеттіліктері бар жандарға қол ұшын созады. Бұған дәлел көп.

Ғалымжан Елшібайдың депутат ретінде өткізетін қоғамдық қабылдауларына келіп, көмек сұрайтындардың арасында мүгедек жандар көп-ақ. Олардың өтініштері мен сұраныстары бойынша халық қалаулысы сол мезетте-ақ қажеті құзырлы мекемелерге байланысып, мәселенің мейлінше тез әрі оңтайлы шешілуіне барын салады. Арыз-шағымның қанағаттандырылуын жеке бақылауына алып, істі соңына дейін жеткізуде ұмтылады. Бұған дейін түрлі мекемелердің табалдырығын тоздырып сандалған, тек депутат Ғ.Елшібайдың қабылдауына барған соң мәселесін шеше алғандар қаншама.

Кеңес төрағасы ретінде облыс аумағындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары мен шипажайлардың жұмысын саралау мақсатында арнайы жұмыс тобын құрып, аралап шықты. Мекемелер бірдей, оларға қойылатын талап ортақ болғанымен, кейбір орталықтарда масқара жағдайлар анықталды. Бюджеттің әжептеуір қаржысына сатып алынған құрал-жабдықтың, бақылау бейнекамераларының жұмыс істемейтіні, әжетхананың мүгедектер үшін өте қолайсыздығы, азық-түлік қоймасының санитарлық талапқа сай келмеуі секілді кемшіліктер бойынша Салалық басқарма басшылығы тарапына қатаң ескерту жасалды. Ғ.Елшібай көптеген әлеуметтік маңызы бар орындарда қарапайым пандустардың жоқтығы, мүгедектерге аса қажет инватакси көліктерінің тым аздығы секілді өзекті мәселелерге назар аударып, құзырлы органдардан осы түйткілдердің шешімін талап етті.

Ғалымжан Елшібайдың тікелей араласуымен шешілген маңызды мәселелердің бірі – Сауран ауданы Ораңғай ауылында жаңадан ашылғалы жатқан мүгедектерді оңалту орталығының пайдалануға берілуі болды. 2021 жылы қолға алынған нысанның құрылысына бюджеттен 2,5 миллиард теңге бөлінгенімен, түрлі сылтаумен құрылыс жұмыстары жылдан-жылға созылды. Бұл орталықтың ашылуын асыға күтіп жүрген мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ашу-ызасын тудырды. Шенеуніктер мен мердігердің шалағай тірлігіне ашынған қоғам белсенділері шағымданған соң Ғалымжан Елшібай құрылыс алаңына барып, мәнжаймен танысқанда қыруар кемшіліктер анықталды. Орталықтың жұмысын жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтарға деп бөлінген қаржының бір бөлігін құрылыс жұмыстарына жұмсап жіберген. Оңалту орталығының жобалық-сметалық құжатында мүгедек жандардың көптеген қажеттілігі ескерілмеген. Салдарынан технологиялық жабдықтарға деп бөлінген қаржының қомақты бөлігі жобалық-сметалық құжатта қаралмаған қазан-шұңқыр, ішкі әрлеу жұмыстары, сыртқы суғару, кондиционер жүйелерін орнатуға жұмсалып кеткен. Ғалымжан Қамытбекұлы – осы мәселені облыс әкімінің қатысуымен өткен мәслихаттың сессиясында көтерген соң ғана сіреске сең қозғалып, оңалту орталығының құрылысын аяқтауға мүмкіндік туды. Жаңадан ашылған оңалту орталығының жұмысын жүргізуге бюджеттен 646,7 млн теңге бөлінетін болып шешілді.

Партия бастамасымен барлық өңірде қолға алынған «Тең мүмкіндіктер» атты инклюзиялық спорт фестивалінің ұйымдастырылуына ұйытқы болып, жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Ерекше балалардың қоғамдық белсенділігі мен өздеріне деген сенімін арттыруға бағытталған тамаша жоба аясында, әсіресе дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің бір команда болып, бірлескен түрде жеңіске жетуге деген талпыныстары тебірентті.

Пейілі кең, жаны жомарт Ғалымжан Елшібай – азамат ретінде де әрдайым мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, түрлі бастамаға демеушілік жасап келеді. Мәселен, төлебилік бір топ мүмкіндігі шектеулі жанның жаңарған, түрленген Түркістанда қонақ болуына мұрындық болды. Бірінші және екінші топтағы мүгедек жандар, олардың күтушілері мен әлеуметтік сала мамандарын қосқанда жалпы саны 20 адам рухани астанаға сапар шегіп, тарихи, көрікті орындарды көріп қайтты. Түлеген Түркістанның кереметтерін теледидардан тамашалап қана тамсанып келген ерекше саяхатшылардың тебіренісі мен шын қуанышында шек жоқ еді.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жанашыр, қамқор тұлға ретінде танылған азамат ерекше балалар арасында талантты балдырғандарды анықтау және олардың шығармашылығын шыңдауға арналған «Сен талантсың, сен дарынсың» атты байқауына демеушілік жасады. Сурет салу, өлең жазу, ән айту секілді өнер бәйгесінің барысында мүмкіндігі шектеулі балалар бойындағы шығармашылық қабілетін паш етіп, көпшілікті керемет туындыларымен, талантымен сүйсінтті. Ғалымжан Елшібай – дарынды бүлдіршіндерді марапаттап, диплом мен бағалы сыйлықтарын тапсырды.

Елім деген елгезек азамат қатарынан екі жыл 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында Төлеби ауданындағы мүгедектігі бар балаларын Шымкент қаласына саяхаттатып, орталық Циркке, хайуанаттар бағына және өнер ордасы театрға қыдыруына атсалысты. Халықаралық зағиптар күніне орай өткізілген «Бар әлемді жүрегіммен көремін» атты мерекелік іс-шараның өтуіне демеушілік жасады. Ғалымжан Елшібайдың ұсыныс білдіруімен «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы төрағасының орынбасары, зағиптардың жанайқайын шырылдап жеткізіп жүрген Жандар Жанаев Төлеби ауданының «Құрметті азаматы» атағын алды. Ғалымжан Елшібайдың өзі де елге сіңірген еселі еңбектері бағаланып туған жері – Төлеби ауданының «Құрметті азаматы» атанғанына бірер жылдың жүзі болды. 2021 жылы мемлекет басшысының Жарлығымен берілетін «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды.

2 миллионға жуық халқы бар Түркістан облысының өзінде мүгедектікке шалдыққан 100 мыңға жуық адам тұратынын ескерсек, мүмкіндігі шектеулілерге осылайша әрдайым қамқорлығын аямай, мүддесін қорғайтын, қам көңіл жандарға жүрек жылуын сыйлайтын жанашыр депутаттың болуы әбден қажет деген ойдамыз.

Облыстық мәслихатта жан-жақты талқыланған саланың бірі – спорт, денешынықтыру. Оның ішінде біздің футболымыз, «Тұран» командасы, одан да басқа клубтарымыздың жағдайлары, қаржылық мүмкіндіктері және спорттық жетістіктері, нәтижелері бір-біріне сәйкес келе ме, келмей ме деген сұрақпен Ғалекең мәслихатта мәселе көтеріп, саланың мамандарын шақырып, футбол клубтарының жетекшілерінің қатысуымен үлкен жиын өткен болатын. Сол жиындағы ауқымды баяндаманы Ғалекең өзі бастамашы болып, өзі жасады. Спорт саласындағы мәселелерді бүге-шүгесіне дейін түгел ашып көрсетіп, қанша қаржы жұмсалғанын, ақталған-ақталмағанын талдап жеткізді. Соның нәтижесінде біздің де футболға деген көзқарасымыз нақтыланып, оның ішінде «қай командаларды қолдап, қайсысын қоя тұру керек» деген нәрсеге көз жеткізіп, бір шешімге келдік. Яғни, Ғалекеңнің жасаған баяндамасы негізінде айтылған пікірлер осы саладағы жұмыстарды біршама реттеуге, жолға қоюға, жүйеге келтіруге сеп болды.

Таяуда ғана облыстағы Цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының есебін тыңдадық. Оның ішінде архивтер, байланыс операторларының қызметтері талқыланды. Оған да қатысты біз арнайы комиссия құрып, аудандардағы архив бөлімшелерін аралап, жұмыстарымен танысқан болатынбыз. Тұрақты комиссияда өзекті мәселені кеңінен талқыладық, ал сессияда да осы мәселені Ғалекең облыс басшысы Нұралхан Көшеровтің алдына көлденең қойды. Төлеби, Қазығұрт ауданындағы архив бөлімшесі ғимаратының әбден тозып, апатты жағдайда тұрғандығын, егер нысан қирап құласа қаншама тарихи құжаттарымыздың жермен-жексен болатынын шыр-пыр болып облыс әкімінің назарына жеткізді. Сол жерде тиісті басқармаға ғимарат мәселесін шешу мүмкіндіктерін қарастыру бойынша тапсырма берілді.

Жалпы, «Ғалекеңнің қоғамдық қызметінен көзі қарақты азаматтардың барлығы хабардар» деп ойлаймын. Ол үнемі журналистерді ұйымдастырып, басын біріктіріп, қаншама шаруаларды қиюластырып жүреді. Бұл жұмыстарды Ғалекең облыстық деңгейде ғана емес, республикалық дәрежеде де абыроймен атқарды. Қазақстан Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалын бес жылдан аса басқарып өңірдегі әріптестеріне көшбасшы болды. Қазақстан Журналистер одағының атқарушы директоры болып республикалық ауқымда бірқатар оң бастамаларды қолға алды. Мұның барлығы оның басшылық, іскерлік қабілетіне тікелей байланысты. «Осы салада жүрген кез келген азамат Ғалекеңнің ұйымдастырушылық қабілетін, кәсібіне адалдығын жоғары бағалайды» деп ойлаймын. Әрбір салада осындай дарынды, жанашыр, ұйымдастырушылық қабілеті басым менеджер мамандар қаншалықты көп болса, біздің қоғам соншалықты алға жылжитын болады.

Ғалекең қызметтес әріптестерінің қолдаушысы ғана емес. Ең бастысы жас журналистерге де үнемі қолдау көрсетіп, қамқорлық жасап, демеп, арнайы жиындар өкізіп жүреді. Ясауи халықаралық университетінде сондай жиындардың бірнешеуіне куә болдым. «Ақпарат саласының үздігі» Ғалымжан Елшібай – жас журналистерге білгенін айтып, үйретіп, жол көрсетіп қана қоймай, талантты шәкірттерге арнайы стипендия тағайындап ынталандыруды дәстүрге айналдырған азамат. Бұл да өзінің ізінен ерген журналистерге құрмет және кәсібіне адалдық деп есептеймін.

Республикаға танымал қаламгер, тынымсыз тіршіліктің қазанына қайнап жүретін азамат, Түркістан өңірі журналистерінің көшбасшысы, ресми түрде айтсақ, Қазақстан Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалы төрағасы болды.

Бекарыс ШОЙБЕКОВ,
айтыскер ақын,
мемлекеттік «Дарын» сыйлығының
иегері, Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты

АЙМАҚ

13 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЖОҒЫ ТҮГЕЛДЕНБЕГЕН ЖЕТІСУ ТУРИЗМІ

«Жер жәннаты – Жетісу» деген атауының өзі бұл аймақтағы тұмса табиғат пен таңғажайып ортаның ерекшелігін танытса керек. Шынымен, нуы мен суы жарасқан өңір қоршаған ортаның сыйына бай. Демек, облыстағы туризмнің қанат жаюына ешкандай кедергі болмауы тиіс. Алайда дәл қазіргі аймақтағы ахуалға қарап олай деп айту қиын. Өкінішке қарай, Жетісудағы туризмнің жоғы әлі түгелденбей отыр.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Жетісу облысы

Жетісу облысының туристік әлеуеті туралы айтқанда, өңірдің мүмкіндігін бірнеше бағытқа бөліп қарастырған жөн. Оның ішінде табиғи туризмнің алатын орны ерекше. Аймақтағы Алакөл мен Балқаш жағалауының даңқы дүниежүзіне аян десе болады. Әсіресе, Алакөлдің шипалы суына шомылуға асыққан жұрттың қарасы жаз маусымында тіптен артады. Дәл осы жағажай туризмнің негізгі ошағы деп Алакөлді айтамыз. Балқаш көлінің жартылай тұщы, жартылай тұзды жағалауы да турист тартатын мекенге айналған. Су спортының дамуы мен балық аулауға қолайлы орта да осы екі айдынның аумағына тән болып отыр. Мұнан бөлек, «Алтын Емел» ұлттық қорығындағы «Әнші құм» мен Бесшатыр қорғаны туристер жиі таңдайтын аумаққа айналса, «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркінің таңғажайып табиғаты тау туризмін дамытуға таптырмайтын мысал болып отыр. Сондай-ақ Жетісудағы табиғи, тарихи орындарға деген қызығушылық артып келеді екен. Әрине, қуануға тұрарлық. Алайда бұл бағыттағы істе ілгерлеушілік болғанымен, ілкімділік болмай тұрғанын да жасырмауымыз керек.

Дерекке жүгінсек, 2024 жылы Жетісу облысына 2 миллионнан астам адам келген. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға артық. Ал өңірдің туризм саласына тартылған инвестициялар көлемі шамамен 12 млрд теңгеге жеткен көрінеді. Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Өйткені аймақтың туристік әлеуетінің жоғары екенін айттық. Демек, табиғаттың өзі сыйлаған таңғажайып өңірдегі туризмді дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбей отырғаны қынжылтады. Жалпы, туризмнің дамуына ықпал ететін фактор ретінде табиғи орындардың ерекшелігіне ғана назар аудару аз, оның сыртында инфрақұрылым мен қызмет көрсету сапасының деңгейі бөлек әңгіме. Дәл осы екі себеп облыста ақсап тұрғандай. Мұның сыртында өңірдің туристік әлеуетін саралап, демалушылармен тікелей жұмыс істеу де маңызды. Бұл жұмыспен барлық облыстарда арнайы басқармалар айналысып отырғаны белгілі. Ең қызығы, Жетісу облысында Туризм басқармасы жабылып қалған. Рас, былтыр өңірдің Туризм басқармасы таратылып, тұтас жұмысқа жауапты мамандар түгелге жуық қысқарған екен. Қазір жер жәннатындағы туризмді дамытуға Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына қарайтын «Жетісу» туристік ақпараттық орталығы жауапты. Ал Visit Zhetysu деп ат қойып, айдар таққан бұл мекемеде маман жетіспейді екен. Өйткені мамандар 100 мың теңгенің айналасында жалақы алады, тіпті орталық басшысының өзі 165 мың теңге айлықты қанағат тұтып отыр-мыс.

– Туристік әлеуеті үлкен облысқа Туризм басқармасы ауадай қажет. Себебі басқарма біздің жұмысты істей алады, ал біз басқарманың жұмысын істей алмаймыз. Мәселен, басқарма 5-10 жылдық жоспар құрып арнайы бағытпен жұмыс істейді. Алакөлді дамыту үшін «жол, жағажай, электр энергия жетіспейді» деп өзекті мәселелердің шешу жолдарын дайындайды. Екінші, жалақы мәселесі. Орталықта маман тұрақтамайды. Төмен жалақымен білікті маман ұстау өте қиын. Бізде туризмге жаны ашитын мамандар ғана жұмыс істеп жүр. Орталыққа жастарды да шақырып көрдік. Оларға туризм саласын үйретіп боламын дегенше, жұмыстан шығып кетеді. Мамандардың жалақысы көтерілсе жақсы болар еді, – дейді Visit Zhetysu орталығының басшысы Жандос Нуриев.

Соған қарамастан, Жетісу жеріндегі туризмді дамытуда ілгерлеу бар. Қазір аймақтағы туристік бағыт су, экология және тау туризмдеріне арқа сүйейді, яғни 5 дестинацияға негізделген. Атап айтқанда, Алакөл, Балқаш көлдері, «Жоңғар Алатауы» мен «Алтынемел» ұлттық парктері және тау туризмі дамып келеді. Инфрақұрылымды дамыту бағытында қабылданған шаралардың арқасында былтыр өңірдің туристік нысандарына Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңірде туризмді дамыту мақсатында туристік объектілерге апаратын жолдар мен инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, бірінші кезекте Алакөл көліне көлікпен жетуге қолайлы жағдай жасалған. Атап айтқанда, «Талдықорған – Үшарал» және «Үшарал – Достық» автомобиль жолдары, сондай-ақ әуежайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылды. Осы орайда пойыздар саны он екіге дейін ұлғайтылды. Осылайша, көлге Астана, Алматы, Өскемен, Семей және Қызылорда қалаларының пойыздары, сондай-ақ «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы қатынайды. 2025-2027-жылдары жоғары вольтты электр беру желілерін, кәріз тазарту құрылыстарын салу және жағалауды нығайту арқылы Алакөл жағалауының инфрақұрылымын дамыту жалғасады. Сонымен қатар электр энергиясының жетіспеушілігі мәселесі де шешілуде. Осы орайда Алакөл курорттық аймағындағы туризм нысандары санының 1,5 есеге жуық өскенін де атап өткен жөн. Шағын авиация мен су көлігінің қызметін реттеу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Алакөл мен Балқаш көлдерінде су көлігін тұраққа қою мен пайдаланудың, сондай-ақ ұшу аппараттарын қолданудың қағидаларын белгілейтін нормативтік акт әзірленді.

Өңірде туризмді дамытуда Балқаш көлінің маңызы зор. Көлге апаратын жолды жөндеу жұмыстары сәуір айында басталып, мамыр айында, яғни шомылу маусымы басталғанға дейін аяқталады. Сонымен қатар былтырғы жылдан бастап Лепсі стансасынан Балқашқа дейін электр беру және сумен жабдықтау желілері тартылуда, биыл аяқтау жоспарланған. Ал мұнан кейін көл жағасында 16 шақырымдық рекреациялық аймақты жайғастыру жұмыстары басталады деп межеленіп отыр. Сондай-ақ «Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктерінің және Жоңғар Алатауы тау алабының әлеуетін ескере отырып, өңірде экологиялық туризм белсенді дамытылуда.

Жалпы, Жетісу облысының аумағында 442 туристік нысан орналасқан. Былтырғы 9 айдың қорытындысы бойынша өңірде ақылы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 6,6 млрд теңгеге жетті.

БЮДЖЕТКЕ ҚОЛ САЛУ АЗАЙМАЙ ТҰР

Қарағанды облысында мемлекет қаржысына қол салу азаймай тұр. Ақшаны шенеуніктер де, мемлекет қазынасын пайдаланатын кейбір сервистік компаниялар да иемденіп кеткен. Құзырлы органдар қазына қаржысына қол салғандардың мемлекетке келтірген шығыны миллиондап саналатынын алға тартады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Ержан Өтебаев «Еңбек» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның Қарағанды филиалы орталық аппаратының мердігері және лауазымды тұлғаларының 450 миллион бюджет қаражатын ұрлағаны туралы айтады. Олар сотталғандарға киім-кешек пен аяққиім тігуге бөлінген ақшаны жымқырып кеткен.

Былтыр Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жылу желілерін жаңғырту жобасы бойынша республикалық бюджетке 573 миллион теңгені қайтарған. Бұл Экономикалық тергеу департаменті қызметкерлерінің арқасында жүзеге асты.

– 98 мың тонна коммуналдық көмірді шетелге экспорттау фактілері анықталды. Біздің бастамамыз бойынша 8 сатып алушы аймақтық операторлар тізілімінен шығарылды. Бес адам күдікті ретінде танылып, үшеуі қамауға алынды, іс биылғы жылдың бірінші тоқсанында сотқа жолданады, – деді Ержан Өтебаев.

Сондай-ақ Қарағанды облысындағы жеті ауданның төртеуіне қызмет көрсететін өңірдегі ірі электр жеткізушісі де Экономикалық тергеу департаменті қызметінің назарына іліккен. Монополист соңғы үш жылда желілерді жаңғырту қажеттігін алға тартып, тарифтерді көтеруге тұрақты түрде өтінім беріп отырған. Соның салдарынан желілер жөнделмей, қаржы еншілес компаниялар арқылы өтіп кеткен. Бұл ретте монополист инвестициялық бағдарлама бойынша шығындарды 624 миллион теңгеге асыра көрсеткен. Сонымен қатар әдейі бұрмаланған тарифтік сметаларды ұсыну фактісі де анықталған, сөйтіп кәсіпорын 289 миллион теңге көлемінде артық пайда алған.

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық даму департаменті мамандарының айтуынша, қазір қызмет көрсетуші компанияға қатысты тергеу жүріп жатыр дейді.

Бүгінде бюджет қаражатының ұрлануына қатысты департамент жеті эпизод бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастап кеткен екен. Оның ішінде «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» республикалық жобасы бойынша субсидия түрінде бөлінген 390 миллион теңгенің ұрлануы жайында сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіліміне екі факті тіркелсе, оның Нұра ауданы бойынша қылмыстық іс аяқталып, сотқа жіберілген.

Сонымен қатар Қарағандыдағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының басшылығына қатысты 33 жүк көлігін алғашқы тіркеу үшін міндетті төлем төлемей, заңсыз тіркеген қылмыстық істің тергеуі де аяқталды.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Салдарынан бюджет 750 миллион теңге шығынға ұшыраған, енді арнайы ХҚКОның бұрынғы басшыларына қандай жаза тағайындалатынын сот анықтайды.

Көлеңкелі экономика, заңсыз өндіру, криптовалюта айналымы және қаржылық пирамидалармен де күрес жалғасуда.

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлері былтыр барлығы 90 қылмыстық істі тергеп, оның 64-і аяқталды. Аяқталған істер бойынша анықталған шығын көлемі – 11 млрд теңге.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-f тармағы негізінде университетке қарасты «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті үшін қосымшаға сәйкес тауарларды қайта сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 20.03.2025 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде университеттің оқу-өндірістік қажеттіліктеріне байланысты кеңсе жиһаздарын сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 03.04.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-f тармағы негізінде Университетке қарасты Стоматология факультетінің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты қосымшадағы лоттарға (№1 және №2) сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 120 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 20.03.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

«ЖАСТАРДЫҢ» БАЛАЛАРҒА АРНАҒАН СЫЙЫ

Театр – ең бекзат өнер. Оның туындысы ересектерге ғана арналған деген жеңіл ойдан аулақ болу керек. Өйткені балаларға арналған театрланған қойылымдардың саны да, көрермені де артып, тақырыптың кеңейіп келе жатқаны байқалады. Елдегі барлық дерлік театрдың репертуарында бүлдіршіндерге арналған спектакльдер азды-көпті қойылып келеді. Мәселен, «Ұр, тоқпақ», «Алтын балапан», «Күлше қыз» сияқты төл әдебиетіміз бен шетелдік үздік туындылардың аудармасы кішкентай көрерменнің көзайымына айналған.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бірақ айтпағымыз бұл емес. Қызылордадағы «Жастар» театры алғаш рет балаларға арналған қойылым ұсынды. Бұл – аймақтағы ғана емес, жалпы қазақ театрының қадамын ілгері басуы. «Жастар» театрындағы балалар спектаклінің алғашқысы болған – Мухамед Әлихан қойған «Туған күн» музыкалық спектаклі. Режиссердің айтуынша, осы тақырыпты таңдап алудың себебі бар, әрине: бүлдіршіндерді өтіріктің ауылынан алыстатып, біреудің ала жібін аттамауға үйрету, адамгершілік қасиетке баулу. Қойылымның жас көрермендерді ізгілікке, мейірбандыққа тәрбиелеуде берер тағлымы мол.

– Бұған дейін театрымыз балалар тақырыбына арналған ешқандай қойылым қоймаған еді. Алдағы уақытта қала бүлдіршіндеріне танымдық тәрбие беру, олардың руханиятын дамыту мақсатында өзіміздің үлесімізді қосайық деген оймен «Туған күн» атты музыкалық спектакльді қояйық деп шештік. Және өз репертуарымыздың қатарын көбейту мақсатында да балалар қойылымын таңдадық. Мұның негізгі идеясында ешкімге өтірік айтпау мен достық қарым-қатынастың тек жақсылыққа құрылатыны жатыр. Бұл қойылым балаларды бауырмалдыққа, мейірімділікке, достыққа шақырып, заманауи ән мен бидің үйлесім табуымен қызықтырады. Сондай-ақ бүгінде қалыс қалып бара жатқан адами қасиеттерді насихаттайтын туынды балалардың болашақта «адам» болып қалыптасуына үлкен үлес қосады, – дейді режиссер.

Кішкентай театралдарға ұсынылған «Туған күннің» желісі шаңырақтағы жалғыз атаның қорадағы малына деген махаббатымен басталады. Өзі жоқта малына тиген қасқырлардың бейнесі бала көзімен суреттеліп, сөзі бала тіліне сай жазылған. Өйткені ертегідегі аңғал қасқырдың шабуылын қорадағы төлдердің достық күші жеңіп шығады. Осы арқылы баланы достыққа адал болуға тәрбиелейді. Сахна үлгісіне келтірілген басқа да ертегілердің негізгі мазмұны баланың бойына адамгершілік қасиетті дарыту, адалдыққа баулу болған болса, «Туған күн» спектаклінің ерекшелігі – осы аталған құндылықтарды жан-жануар арқылы оңай жеткізу.

Баланың таным-түйсігін кеңейтуде сахналық қойылымдардың орны ерекше. Бірақ балалар театры туралы сөз болған жағдайда бірінші қуыршақ театры тілге тиек бола қалады. Алайда әр аймақтағы театрдың репертуарында жас көрерменге арналған қойылымға орын бар. Сондықтан өнер ошақтары жас талғамайтынын ашық айтуымыз керек. Режиссер Мухамед Әлихан балалар қойылымын қоятын театрлардың көзқарасы мен ұстанымы әртүрлі екенін негізге ала отырып, театр қойылымы бала телмірген смартфондардағы анимациялардан кем түспеу керек екенін айтты.

– Қазіргінің балаларын түрлі гаджет «тәрбиелеп» жатқанын мойындаймыз. Назарға ерекше түсіп, қайталанбас кейіпкер болса, сол баланың қаһарманына айналатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан балаларға арналған қойылым қоюдың жүгі ересектерге қарағанда ауырлау. Осындай талаптарды ескере отырып, «Туған күн» спектаклін қойғанда қазіргі заманға сай идеяны пайдаланып, балалар көріп жүрген түрлі қанық түсті үйлестіріп, деңгейі жоғары туынды жасауға тырыстық. Әртістер өзіне берілген кейіпкерін сомдағанда барынша балаларға түсінікті тілде жеткізуге барын салды. Мысалы, Теке шынайы өмірде көш бастайтын болса, бала көзімен аулада асыр салып жүретін түлік ретінде суреттеледі. Сондықтан қандай қойылым болса да алдымен баланың психологиялық ойлау қабілетін ескерген жөн. Өйткені жаңа айтқанымдай, әр баланың қолында түрлі смартфон тұр. Десек те, театрға келетін балалар аз дегім келмейді. Бірақ жұмыс істеу бағытына сәл өзгеріс енгізсек, бүлдіршіндерді одан әрі қызықтыра аламыз деп ойлаймын, – деді ол.

> **Сахна үлгісіне келтірілген басқа да ертегілердің негізгі мазмұны баланың бойына адамгершілік қасиетті дарыту, адалдыққа баулу болған болса, «Туған күн» спектаклінің ерекшелігі – осы аталған құндылықтарды жан-жануар арқылы оңай жеткізу.**

Айта кетейік, қызылордалық «Жастар» театрындағы алғашқы премьераға Ұлан Болатбектің «Туған күн» шығармасы таңдалды. Ал кейіпкерлерді театр ұжымын балалардың үздік жұмысынан таңдап алған екен. Нақтырақ айтсақ, премьераның алдында театр ұжымының ұйымдастыруымен «Менің қиялымдағы қаһарман» атты балалар арасында бейнелеу өнерінен жарыс өткен. Сол жарыста ең үздік шыққан суреттегі «қаһарман» спектакль кейіпкеріне енген.

«Балалар ойындағы кейіпкерді театр кейіпкеріне айналдыру арқылы балаларды тірі өнерге баулимыз. Сондықтан халық жадында сақталған аңыздар мен ертегілерді сахнаға бейімдей берсек, құнды олжаға кенелер едік. Театр дейтін ғажап өнер ордасын балалардың құлшыныспен келетіндей құтты орынға айналдыра алсақ, ұжым үшін үлкен жеңіс болар еді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген бар ғой, міне соның басты шарты осы – қоғам бүлдіршіндерге қолайлы жағдай жасауы керек», – дейді Мухамед Әлихан.

Репертуарға қосылатын әр тақырып көрерменнің сұранысынан не қажеттілігінен туады. Демек, балаларға ұсынылып жатқан премьераның қойылуына да негіз бар. Жақсы бастамамен шыққан театр қоржыны кішкентай көрермен сүйіп көретін тағы қойылымға толса екен. Қысқасы, көгілдір экраннан көз алмайтын бала құштарлықпен театрға жиі баратын кез туса игі.

ҚАЗАҚША ӘНДЕРДІҢ АЙТАРЫ НЕ?

Соңғы жылдары қазақтың ән әлемінде айтарлықтай өзгеріс бар. Заманауи музыка орындаушылары әртүрлі жанрдағы жаңа әндерді өмірге әкелді.

Қазір қазақша тректердің өз елімізде ғана емес, шетелдерде де тыңдарманы бар. Мәселен, жастарға ерекше ұнаған «Ирина Кайратовна», Ninety One топтары әуезді ән мен мағыналы мәтінді ұштастыра отырып, елдегі өзекті мәселелерді көтере білді. «Ирина Кайратовна» тобының осыдан 5 жыл бұрын жарыққа шыққан «5000» трегінде Алаш қайраткерлері ату жазасына ұшыраған қазақ тарихының қаралы беттерінен бастап елдегі жемқорлық, ысырапшылдық секілді әлеуметтік мәселелер көтерілген. Сол секілді Q-pop жанрының жұлдыздары Ninety One тобының Bari biled әні қоғамның пікіріне қарамастан өз жолыңмен жүруге, өзгелердің ойына тәуелді болмауға үндейді. Трек мәтінінде қоғамдағы стереотиптер мен сындарға қарамастан, өз мақсатына ұмтылу, сенімнен таймау туралы ой қозғалады. Сонымен қатар ән арқылы экология мәселесі де сәтті көтерілген.

Бұл қатарға 2RAR мен Мирас Жүгінісовтің де заманауи әндерін жатқызуға болады. 2RAR поп, R&B жанрындағы әндерімен көпшіліктің көңілінен орын тапса, Мирас Жүгінісов заманауи эстрада мен поп орындаушысы ретінде өз тыңдармандарын қалыптастырып үлгерді. Мәселен, 2RAR-дың «Мен ешкімді сүймеймін» әні ажырасу мәселесін сәтті көтеруімен ерекшеленді. Ән арқылы махаббаттан көңілі қалған, сезімге сенуден шаршаған адамның ішкі жан дүниесін жақсы сипаттаған. Сол секілді «Жалғыздық», «Өкініш» секілді тректерінде қоғамда өз орнын таба алмау, жалғыз сезіну, өткен өмірге көз жүгіртіп, қателіктерге өкіну секілді мәселелерді ән арқылы жүрекке жеткізеді.

Мирас Жүгінісовтің «Уақыт» трегі уақыттың қадірі, өткен шақ, қателіктер мен өкініш секілді тақырыптарды бір әнге сыйдыра алуымен танымал болды. Сонымен қатар бұл әнде өмірдің жылдам өтіп жатқаны, кейде кеш қалып, маңызды сәттерді бағалай алмай қалатынымыз жайлы ой қозғалады. Сондай-ақ тректе уақыттың кері қайтпайтыны, оны бағалау қажеттігі де айтылады.

2RAR секілді ажырасу мәселесін Taspay мен Ninety One тобы да әндеріне арқау етті. Мысалы, Taspay «Оралма қашқын», Ninety One тобы Jur mapelep тректері арқылы ажырасу тақырыбын ғана емес, отбасындағы түсініспеушіліктер мен зорлық-зомбылық мәселесін орынды арқау ете білген.

Taspay әнінде: «Оралма қашқын, Артыңа қарамай қаштың, Тұншықтырды лас сөз тасқыны, мына басыммен толтырдың тура жер астын», – деп ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіс, ажырасу тақырыбын әнінің өзегіне айналдырды. Тағы бір танымал әнші ARO да тыңдармандарға зорлық-зомбылық құрбандары туралы әнін арнады. Ол «Қызық Times» бағдарламасында берген сұхбатында осы әнінің тарихы жайлы айтып, Ақан Серінің «Балқадиша» әнінен шабыттанып, қазіргі әлеуметтік проблеманы әніне арқау еткенін айтқан болатын.

Елдегі зорлық-зомбылықтан жылына 400 әйел көз жұмады екен. Сондықтан бұл мәселе заманауи әншілердің шығармашылығынан да тыс қалмады. Біздіңше, бүгінгі әншілердің еліміздегі түрлі түйткілді музыка арқылы жеткізгені бір жағынан дұрыс. Себебі олардың тыңдарманы көп. Бірі болмаса, біріне ой салып, оң әсерін тигізуі ғажап емес. Ал сіз қалай ойлайсыз, ойлы оқырман?

Мерейлім АСҚАРБЕК

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4568
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айдана НҰРМҰХАН